

Әділетті Қазақстан

Еліміз үшін Көк байрағымыздың, Елтаңбамыз бен Әнұранымыздың мәнін айрықша. Бұл құндылықтар бойымызға зор мақтаныш және жауапкершілік сезімін ұялатады. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу – әр азаматтың қастерлі парызы!

Мемлекет басшысының ой-орамдарынан.

САЛТАНАТТЫ ЖИЫН



ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

7

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ

Ерболат ДОСАЕВ
Түркісіб ауданының тұрғындарымен кездеседі.

Кезекті басқосу 8 маусым күні, сағат 9.00-де Чехов көшесі, 15 мекенжайындағы №76 жалпы білім беретін мектепте өтеді.

Кездесуді онлайн-режимде «Алматы» телеарнасының YouTube парақшасынан және Түркісіб әкімдігінің Facebook парақшасынан көруге болады.

БАЙҚАУ



«ЖАС ҚАНАТ» ЖАҚҚАН ЖҰЛДЫЗДАР

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

6.06.2023

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+32+34 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

7.06.2023

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+33+35 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №69 (6362) 6 маусым, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

КӨК БАЙРАҚ, ЕЛТАҢБА, ӘНҰРАН –

мемлекетіміздің мәртебесі, халқымыздың ар-намысы



Салтанатты жиында Құрмет қарауылы ротасының басшысы рәсімге дайындығы жөнінде Президентке рапорт берді. Содан кейін Мемлекеттік Әнұран шырқалып, Көк байрағымыз көтерілді.

Астанадағы «Атамекен» этно-мемориал кешенінде Мемлекеттік Ту көтеру рәсімі өтті

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жиналған қауымды Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтап, олар егемендік пен елдіктің ең басты белгісі екенін атап өтті. Қастерлі нышандарымызды құрметтеу

әрбір азаматтың перзенттік парызы екеніне назар аударды. Быттыр дәл осы күні елімізде республикалық референдум өткенін еске алған Мемлекет басшысы халқымыз жаңару мен жаңғыруға жол ашқан тың бастама-

ларға қолдау көрсеткеніне маңыз берді. «Басты мақсатымыз – Әділетті Қазақстанды құру. Бір жылдың ішінде ауқымды шаралар атқарылды, бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғаса береді», – деді Президент.

6

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

АЛМАТЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Мегаполис басшысы АҚШ Сауда палатасының өкілімен кездесті



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев пен АҚШ Сауда палатасының Таяу Шығыс, Түркия және Орталық Азия істері жөніндегі аға вице-президенті Куш Чокси экономикалық байланыстарды нығайту және қаланың бизнес-экожүйесін дамыту мақсатында екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

2

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Жоғарғы Сот төрағасын қабылдады.
- Президент Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Самал Еслямованы қабылдады.
- 8 маусымда Астана халықаралық форумының пленарлық отырысы өтеді.
- Астана форумына Президент қатысады және бірқатар екіжақты кездесу өткізеді.
- Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев Мысырда Бейбарыс сұлтан мешітінің ашылу рәсіміне қатысты.
- Бүгін Үкіметте көктемгі егіске дайындық, су қоймаларындағы қауіпсіздік мәселелері қаралады.
- «Бейбарыс сұлтан – 800»: бағдарлама аясында 300-ден астам іс-шара өткізу жоспарланған.
- Алматыда 18 елдің шахматшысы Азия чемпионы титулы үшін бақ сынауда.
- «Қазгидромет»: елдің басым бөлігінде төтенше өрт қаупі сақталады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Twitter парақшасында қазақстандықтарды Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтады.

«Барша отандасымды Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтаймын! Еліміз үшін Көк байрағымыздың, Елтаңбамыз бен Өнұранымыздың мән-маңызы айрықша. Бұл құндылықтар бойымызға зор мақтаныш және жауапкершілік сезімін ұялатады. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу – әр азаматтың қастерлі парызы!», – деп жазылған құттықтауда.

■ ҰЛЫҚТАУ РӘСІМІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанның шақыруымен Анкарадағы «Күлие» сарайында өткен Түркия Республикасының Президентін ұлықтау рәсіміне қатысты.

Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған өзінің сөйлеген сөзінде ұлықтау рәсіміне арнайы келіп қатысқаны үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа шынайы ризашылығын білдірді. Салтанатты шараға 40-тан астам мемлекеттің басшыларын, үкіметтер мен парламенттердің, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың жетекшілерін қоса алғанда, 90-нан астам делегация өкілі қатысты.

■ СЕНАТ

Мәулен Әшімбаев Әл-Азхардың Жоғарғы имамы, шейх Ахмед ат-Тайебпен екіжақты кездесу өткізді. Кездесуде тараптар конфессияаралық диалогты дамытудың маңызды мәселелері мен перспективаларын талқылады.

Палата Спикері Қазақстан мен Әл-Азхарды ұзақ уақыттан бері жалғасып келе жатқан қарым-қатынас пен әлемде бейбітшілікті дәріптеу жолындағы ортақ идеялар байланыстыратынын айтты. Осы ретте шейх Ахмед ат-Тайеб былтыр Астанада өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII Съезіне белсенді қатысқанын атап өткен жөн.

■ «БІР ЕЛ – БІР МҮДДЕ»

Сенат Бюросының мүшелері Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша құрылған «Бір ел – Бір мүдде» депутаттық тобын тіркеу мәселесін қарады.

Ел Президенті Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясында «Бір ел – Бір мүдде» депутаттық тобын құру туралы бастама көтерген болатын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев партияларды ұлттық бірлікті нығайту мәселесіне белсенді тартуда Парламенттегі депутаттық бірлестік пәрменді тетік болуы мүмкін екенін және Ассамблеядан сайланған бес сенатор оның негізін құрай алатынын атап өткен еді. Еліміздегі қоғамдық келісім мен ұлттық бірлік саласындағы мемлекеттік саясатты заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету мәселесін келісу – топтың басты міндеті. Топтың құрамында Парламенттің 30 депутаты бар. Депутаттық топтың жетекшісі болып Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым жөніндегі комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп, ал хатшысы болып Мәжіліс депутаты Наталья Дементьева сайланды.

■ МӘЖІЛІС

Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің ұйымдастыруымен «Әлеуметтік саладағы мемлекеттік сатып алу мәселелері және оларды шешу жолдары туралы» кеңейтілген тақырыптық отырыс өтті.

Комитет төрағасы Асхат Аймағамбетовтің жетекшілігімен өткен жиынға депутаттармен қатар Үкіметтің, республикалық және жергілікті мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйым өкілдері қатысты. Олар елдегі мемлекеттік сатып алу жүйесінің мәселелерін талқылап, ұсыныстарын ортаға салды. Дүниежүзілік банктің зерттеулеріне сәйкес, Қазақстанның электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесі әлемде үздіктер қатарында. Бүгінде мемлекеттік сатып алу веб-порталына 100 мыңнан астам өнім беруші мен 24 мыңнан астам тапсырыс беруші тіркелген.

■ ҮКІМЕТ

Әлхан Смайловтың төрағалығымен өткен Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі республикалық штаб отырысында 7 жыл ішінде 111 млн шаршы метр тұрғын үй салуды қамтамасыз ету шаралары қаралды.

Негізгі ынталандыру шаралары құрылыс салушыларға қойылатын талаптарды жеңілдетуді көздейді. Бұл құрылыс компанияларына Қазақстан тұрғын үй компаниясынан кепілдік және әкімдіктерден рұқсат алу арқылы өз қызметін заңдастыруға мүмкіндік береді. Қатаңдату шаралары үлескерлердің ақшасын тартудың ашық механизімін қалыптастыруға бағытталған. Мемлекет басшысы 2029 жылға дейін 111 млн шаршы метр жаңа тұрғын үй салу туралы міндет қойғаны белгілі. Өткен жылы 130 мыңнан астам отбасы баспана жағдайын жақсартта алды. Жоспар асыра орындалған өңірлердің ішінде Астана, Алматы қалаларын және Алматы облысын атап өтуге болады.

■ БЕЙБАРЫС СҰЛТАН – 800

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қазақстандық делегация Бейбарыс сұлтан мешітінің ашылу салтанатына қатысуға және Қазақстанның Мысырдағы мәдени күндеріне орай іс-шаралар өткізу үшін Мысырға барды.

Іс-шара даңқты билеушінің 800 жылдығына орай ұйымдастырылып отыр. Делегация құрамында Сенат спикері Мәулен Әшімбаев, Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі және еліміздің басқа да саяси және қоғам қайраткерлері бар. Сондай-ақ, Каирге қазақстандық театр актерлері, музыканттар мен ғалымдар келді. Қабылдаушы тараптан Мысыр Парламенті Сенатының Төрағасы Абдель Уахаб Абдель Разек, әл-Азхар бас имамы шейх Ахмед ат-Тайеб, министрлер мен Каир қаласы әкімшілігінің өкілдері қатысты. Мешітті қалпына келтіру жұмыстары Қазақстан Республикасының белсенді қатысуымен іске асты. Шара аясында қазақ және араб тілдерінде мемориалдық тақталардың ашылуы өтті. Бейбарыс сұлтанның 800 жылдығын мерекелеу бағдарламасына орай барлығы 300-ден астам іс-шара жоспарланған.

■ МИНИСТР

Қазақстанда қазақ тіліндегі бағдарламалық жасақтамасымен ультрандыбыстық зерттеу аппараттарын өндіру басталды.

ҚР Денсаулық сақтау министрі Ажар Гинияттың төрағалығымен ультрандыбыстық зерттеу аппараттарын өндіру жобасы бойынша бас директор Yong Kwan Kim мырза бастаған Samsung Medison (Корея Республикасы) компаниясының өкілдерімен екіжақты кездесу өтті. Ультрандыбыстық аппараттарды өндіру жөніндегі жоба «Ordamed» АҚ жергілікті өндірушісінің алаңында іске қосылды, онда Samsung Medison компаниясы акушерлік және гинекологияда ұрықтың өсуін, жай-күйін және әйелдердің денсаулығын зерттеу үшін пайдаланылатын және диагностиканы тиімділігін арттыруға көмектесетін бірегей инновациялық технологиялар трансфертін енгізді. Жоба бірегей және диагностикаланатын жүйелердің бағдарламалық жасақтамасы мемлекеттік тілде жасалғандығымен ерекшеленеді. Алматы қаласында медициналық жабдықтар өндіретін зауыт салу көзделген, құрылыстың бірінші кезеңінде инвестициялар 1,3 млрд теңгеден асады және 50-ден астам тұрақты жұмыс орнын ашады. Зауыт жобалық қуатқа шыққан кезде жұмыс орындарының саны 150-ден астам болуы мүмкін.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

■ ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

Ерлан ҚАРИН,
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кеңесшісі:

ТҮБЕГЕЙЛІ САЯСИ РЕФОРМАЛАР

аймақтағы бірегей құбылысқа айналды

Бір жыл бұрын қазақстандықтардың басым бөлігі, яғни азаматтардың 77,18 пайызы республикалық референдумда ел Конституциясын өзгерту туралы заң жобасын жақтап дауыс берді.

Конституцияға енгізілген түзетулер Президент, Парламент және сот институттарын реформалауды көздеді.

Осылайша Мемлекет басшысының 2022 жылдың 16 наурызында жарияланған Жолдауында айтылған ауқымды саяси жаңғыру бағдарламасы Конституциялық тұрғыдан бекіді.

Бұл референдум Қазақстан қоғамы үшін маңызды оқиға болды. Өйткені, біз ел дамуындағы жаңа кезеңге қадам бастық.

Ең бастысы, референдум – қоғамдық бірігудің жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетті. Біз оны Президент және Парламент сайлауларында анық байқадық.

■ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

АЛМАТЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Мегаполис басшысы АҚШ Сауда палатасының өкілімен кездесті



Нұржамал
ӘЛШЕВА

(Басы 1-бетте)

Кездесуге АҚШ-тың Алматы қаласындағы бас консулы Кэролин Севидж, Қазақстан–Америка Іскерлік кеңесінің бас атқарушы директоры Дженифер Милл, іскер топтардың өкілдері (Chevron, Valmont Irrigation, Coca Cola, Mastercard, Borusan Caterpillar, Honeywell Kazakhstan) қатысты.



Жалпы, елімізде өте қысқа мерзімде жүзеге асырылған түбегейлі саяси реформалар аймақтағы бірегей құбылысқа айналды. Қазақстан жаңа күн тәртібін белгілеп берді.

Конституциялық реформа мен соңғы сайлау циклі жаңа саяси жүйенің келбетін қалыптас-

тырды. Президенттің саяси жаңғыру бағдарламасын іске асыру жалғаса береді. Алдымызда аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайлауы тұр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: t.me/erlankarin).

деңгейі жөніндегі позициясын сақтайды. Мегаполистің инвестициялық тартымдылығы 2022 жылғы желтоқсанда Fitch Ratings агенттігінің «тұрақты» деген болжамымен «BBB» деңгейінде расталды. Қаланың үлесіне ел ЖІӨ-нің бестен бір бөлігі (2022 жылы 18,5%) және Қазақстан Республикасы бюджетінің барлық кірісінің төрттен бірінен астамы тиесілі. Шағын және орта кәсіпорындар қала экономикасының шамамен 60%-ын құрайды және оның өсуінің негізгі қозғаушы күші болып табылады. Алматының инфрақұрылымын дамыту және логистикалық мүмкіндіктері өңірлік байланыстарды, сауда маршруттары мен көлік желілерін нығайтуға ықпал етуі мүмкін.

Өз кезегінде Куш Чокси мырза өзара тиімді серіктестікті кеңейтуге дайын екенін білдірді. АҚШ Сауда палатасы 3 миллионнан астам компанияны, жекелеген штаттар мен муниципалитеттердің 3 мыңға жуық сауда палатасын, 830 қауымдастықты және шетелдердегі 111 американдық Сауда палатасын біріктіреді. Қазақстанда АҚШ Сауда палатасының құрылымдық бірлігі Қазақстан–Америка іскерлік кеңесі (USKZBC) болып табылады, оның құрамында 26 мүше бар.

Кездесу қорытындысында тараптар екіжақты қатынастарды одан әрі дамыту, инвестициялар тарту және Алматы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы экономикалық байланыстарды кеңейту туралы уағдаласты.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АУДАН ӘКІМДЕРІ
көпбалалы аналарды қабылдайды

Алматы қаласының әкімі бекіткен кестеге сәйкес, 2023 жылдың мамыр айында аудан әкімдері көпбалалы аналармен 8 кездесу өткізді.

Кездесулерге барлығы 119 көпбалалы отбасы келіп, 121 мәселе көтерілді. Оның 77-і бойынша түсініктемелер беріліп, кездесулерден кейін 33 мәселе пысықталды, тағы 11 тілек-ұсыныс бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Көпбалалы аналар тарапынан айтылған мәселелер: тұрғын үй алу (кезекке қою) – 26 (21%); білім беру (балаларды мектептер мен балабақшаларға, секциялар мен үйірмелерге орналастыру, мектеп формасы) – 30 (25%); денсаулық сақтау – 15 (12%); әлеуметтік жәрдемақылар (АӘК, азық-түлік жинақтары) – 17 (14%); ТКШ және абаттандыру (газды қосу, сумен жабдықтау және су беру) – 7 (6%); жұмысқа орналасу және бизнес гранттары – 8 (7%); басқалары – 18 (15%).

ЕНДІ МАУСЫМ АЙЫНЫҢ КЕСТЕСІ БЕКІТІЛДІ. АУДАН ӘКІМДЕРІНІҢ КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАЙТЫН УАҚЫТЫН БЕРІП ОТЫРМЫЗ.

- АЛАТАУ АУДАНЫ – 14.06.2023. Сағат 11.00. Алатау ауданы әкімінің аппараты (Жанқожа батыр, 26);
- АЛМАЛЫ АУДАНЫ – 27.06.2023. Сағат 10.00. «Бақытты отбасы» орталығы (Наурызбай батыр, 106 А);
- ӘУЕЗОВ АУДАНЫ – 16.06.2023. Сағат 10.00. Әуезов ауданы әкімінің аппараты (Алтынсарин даңғылы, 23);
- БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ – 21.06.2023. Сағат 10.00. №63 мектептің мәжіліс залы (Шмелев көшесі, 88, Ә.Кекілбайұлы көшесінің қиылысы);
- ЖЕТІСУ АУДАНЫ – 09.06.2023. Сағат 15.00. «Бақытты отбасы» орталығы (Жансүгіров, 65);
- МЕДЕУ АУДАНЫ – 15.06.2023. Сағат 10.00. №172 мектеп-гимназия («Думан» ы/а, Қарашаш көшесі, 15);
- НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ – 07.06.2023. Сағат 10.00. Наурызбай ауданы әкімі аппараты («Шұғыла» ы/а, 347);
- ТҮРКСІБ АУДАНЫ – 23.06.2023. Сағат 10.00. «Бақытты отбасы» орталығы (Р.Зорге, 9).

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

МАРАПАТТАУ

ҚҰТҚАРУШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Сатыбалды Дәулеталин Түркия Республикасындағы жер сілкінісінің салдарын жоюға қатысқан құтқарушылар мен «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің республикалық жедел-құтқару жасағы» ұжымымен кездесті.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА


Кездесуге қатысушылар құтқарушылардың әлеуметтік-еңбек құқығы мен мүддесін қорғау, аса күрделі объектілерде іздестіру-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу, табиғи апаттар мен апаттар салдарынан зардап шеккендерге шұғыл көмек көрсету дайындығы мәселелерін талқылады.

Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Сатыбалды Дәулеталин Түркия Республикасындағы жер сілкінісінің салдарын жоюға белсене қатысқан ұжым мүшелеріне алғыс айтып, марапаттады.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

КӘСІПОДАҚ



Алматыда ҚР Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Сатыбалды Дәулеталин «Алатау жарық компаниясы» ұжымымен кездесті.



Айнабай
МӘДІ

«Алатау жарық компаниясы» АҚ – Алматы қаласы мен Алматы облысының тұтынушыларына электр энергиясын беру мен бөлуді жүзеге асыратын ірі электр энергетикалық компания. Бүгінгі таңда «АЖК» АҚ Алматы өңірінің 4 миллионға жуық халқын электр энергиясымен қамтамасыз етеді. Компанияның 100 гектар аумағында Алматы қаласында – 7, Алматы облысында 10 аудандық энергетикалық желісі бар. Аталған АҚ-ның қызметі тұтынушыларды электр энергиясымен сенімді әрі үздіксіз қамтамасыз етуге, сондай-ақ өңірдің энергетикалық тұрақтылығын нығайтуға бағытталған. «АЖК» АҚ-ның жалғыз акционері – «Самұрық-Энерго» АҚ.

Кәсіподақтар федерациясының төрағасы электр жабдыктарын жөндеу цехын, жедел-диспетчерлік басқару пунктін аралады. Төраға энергетиктерді толғантқан сауалдарға жауап беріп, өзекті мәселелерді өз көзімен көріп, талқылауға қатысты. Бұл шараның мақсаты – өндіріс жұмыскерлерінің өздерімен қауышып, пікірлерін тыңдап, жақсы жетістіктерге қол жеткізу.

Әлеумет үшін өте өзекті сала – «Алатау жарық компаниясы» қызметкерлерімен кездесу кезінде еңбек жағдайын лайықты қалыптастыру, жалақы мәселесі қозғалды. Энергетикалық мекемелерде жалақы мәселесі күрделі күйінде қалып отыр. Соны реттестіру үшін министрлікпен кеңесетін нәрсе көп. Ол үшін осы сала жұмыскерлерінің өздері-

«АЛАТАУ ЖАРЫҚ КОМПАНИЯСЫ»
жұмыскерлеріне жарқын жағдай жасауы қажет

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

мен жүздесіп, олардың ойын, жұмыс берушілердің өзіндік пікірін тыңдау маңызға ие. Төрағаның сөзінен түйгеніміз, тиімді ой-пікірлер ескеріліп, астанада Үкіметпен жалғасатын жұмыстар ортаға салынбақ екен. Жұмыскерлермен кездесу кезінде көтерілген еңбек жағдайын қалыптастыру, жалақы мәселесімен бірге, әлеуметтік әріптестік мәселесі де бар.


«Ең күрделі мәселенің бірі – еңбек қауіпсіздігі. Жасыратыны жоқ, еңбек қауіпсіздігі

сақталмағандықтан, кәсіпорын, өндіріс орындарында жыл сайын шамамен 200-ге жуық адам жазатайым жағдайда өмірден өтіп кетуде. Мақсатымыз – жазатайым жағдайды азайту, әрбірден соң мұны болдырмау. Биылғы жылды өзіміз «Еңбек қауіпсіздігі жылы» деп атағанбыз. Сол себепті, осы салада аянбай ізденіс үстіндеміз», – дейді республикалық кәсіподақ төрағасы.

Таңмен таласа жұмысына кеткен жұмыскердің үйіне аман-есен оралуға жағдайы бар

ма? Бұл ретте жауапкершіліктің басым бөлігі жұмыс берушіде. Жұмыс беруші қалай жағдай жасайды? Соған сай еңбек адамы да жақсы жұмыс істеуге мүмкіндік алады. Десек те, жұмыскердің де жауапкершілігі аз емес. Осы тұста қауіпсіз еңбек мәдениетін қалыптастыру, оны түсіндіру – кәсіподақтың бастапқы міндеттерінің бірі екенін еске саламыз. «Алатау жарық компаниясы» алматылықтарға жарық сыйлап қана қоймай, жұмыскерлеріне де жарқын жағдай жасайды деген сенім мол.

ЖАҢА АЛМАТЫ

Есентайдағы көпір
күзге дейін
жабылады

Алматы қалалық мобильділік басқармасының мәліметінше, Есентай өзені арқылы өтетін көпірде көлік қозғалысы бүгіннен, яғни 6 маусымнан бастап шектеледі.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Алматы қаласындағы әл-Фараби даңғылының бойындағы Есентай өзені арқылы өтетін көпірді реконструкциялау» нысаны бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталуына байланысты 6 маусым сағат 08.00-ден 1 қыркүйекке дейін Есентай өзені арқылы өтетін көпір бойынша шығыс бағытта көлік қозғалысы шектеледі», деп хабарлады басқармадан.

Көлік қозғалысы шығыс бағытта үш жолақ орнына екі жолақ бойынша жүзеге асырылады. Батыс бағытта көлік қозғалысы өзгеріссіз жүргізіледі.

«Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім өтініміз және жол жүру бағыттарыңызды алдын ала жоспарлауларыңызды сұраймыз», делінген хабарламада.



● МӘСЛИХАТ

ВАНДАЛИЗМ

Бейіттер мәселесі алаңдатады



Алматы қалалық мәслихатында «Алматы қаласының зираттарында вандализм, ғұрыптық керек-жарақтарды, қоршауларды, мәрмәр ескерткіштер мен шекараларды ұрлау фактілері туралы» пікірталас өтті.

Жиынға Алматы қаласы мәслихатының депутаттары, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшелері және жергілікті мемлекеттік

қызметкерлері қатысты. Шараның мақсаты – зират басына қойылған құлпытасстар мен әртүрлі қорым ескерткіштеріне қолсұғылмаушылықты қамтамасыз ету. Сонымен бірге, алдағы уақытта осындай жүгенсіздіктерді тыю болып саналады.

– Зираттардың мәселесі, ондағы вандализм мәселесі алаңдатады. Мұндай олқылыққа жол берілмеу керек. Осы бағыт бойынша бірқатар жұмыстар қолға алынды. Алдағы уақытта мұндай кемшілікке жол бермеуіміз қажет, – деді Экономика, қаржы, активтер, мемлекеттік басқаруды дамыту және қоғамдық қауіпсіздік жөніндегі комиссия төрағасы Әміржан Нәбиев.

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің Коммуналдық инфрақұрылым, ұтқырлық, экология, қаржы, активтер және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі комиссиясының төрағасы Борис Жапаров вандализм фактілерін жасау ұят іс екендігін алға тартты.

– Мұндай келеңсіз істердің орын алуы ұят жағдай. Дүниеден өткен марқұмның құлпытасына қол сұғу ешқандай этикаға сай емес. Сондықтан мұндай ахуалға жол бермейік, – деді ол.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

● КЕҢЕС

«АЛТЫН ОРДА» БАЗАРЫ:

заңбұзушылықтар жойылуға тиіс

Үкімет Кеңесінде Премьер-Министр қолданыстағы заңнамаға сәйкес түбегейлі шаралар қабылдау қажеттігін атап өтті.

Премьер-Министр Әлихан Смайылов «Алтын Орда» базарында анықталған барлық заңбұзушылықты жоюды талап етті. Премьер-Министр төрағалығымен өткен, орталық мемлекеттік органдар, Алматы қаласы және Алматы облысы әкімдіктері, Бас прокуратура, БҚДА, КМА, басқа да ведомстволар басшылары қатысқан кеңесте республикадағы ірі сауда орны «Алтын Орда» базары жұмысының өзекті мәселелері қаралды.

Базарда 5 мыңнан астам сауда орны бар, оған келушілер күніне шамамен 50 мың сатып алушыға жететіні атап өтілді. Базар Алматы қаласы мен Алматы облысындағы көкөніс, ет өнімдері мен жемістердің көтерме саудасының 40 пайызы мен бөлшек саудасының 70 пайызына дейін қамтиды. Оған тауарды негізгі жеткізушілер қатарында отандық өндірушілер, басқа да көршілес елдердің компаниялары бар.

Сонымен бірге, күнделікті өнімнің үлкен ағынын ескере келе, базарда аймақтық ауқымда бақыланбайтын олигополия құрылады. Бас прокуратура мен мем-

лекеттік органдардың тексеру нәтижесінде санитариялық, ветеринариялық, экологиялық, су, еңбек, сәулет-құрылыс, өртке қарсы, салықтық бақылау, сондай-ақ бәсекелестікті қорғау саласында 300-ден астам ҚР заңнамасы нормаларын бұзушылық анықталды.

Алматы облысы әкімдігінің дерегіне сүйенсек, анықталған заңбұзушылықтар ішінара жойылған. Сондай-ақ, кәсіпкерлер тарапынан бизнес жүргізуге қолайсыз жағдай жөнінде шағым саны артқан, бұл әрбірден соң тауар бағасының негізсіз өсуіне алып келеді.

Кеңес қорытындысымен Премьер-Министр қолданыстағы заңнамаға сәйкес түбегейлі шаралар қабылдау қажеттігін атап өтті. Атап айтқанда, «Алтын Орда» базарының қызметін ретке келтіру және бағаны қалыптастыруда ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында қоғамдық бақылауды ұйымдастыру қолға алынды. Сондай-ақ, базар аумағында барлық заңбұзушылық толығымен жойылғанша прокуратура, ішкі істер органдары, БҚДА, КМА, басқа да уәкілетті мемлекеттік органдар қызметкерлерінен құралған тұрақты мобильдік топ құру тапсырылды. Сонымен қатар, Алматы агломерациясында сауда ағынын теңестіретін, «Алтын Орда» базарының баға саясатына ықпалын азайтатын балама көтерме-сауда орталықтарын құру жөнінде жұмыс жалғасады.

әскерге жарамдылығы анықталды, психологиялық сынақта қадағаланды. Әскери бөлімше өкілдерінің жауынгерлік қызметке шақырылушылармен әңгімелесуі нәтижесінде команда қалыптасуда. Ардагерлер сарбаздыққа бет алған жас толқынның үздік қызмет етуін тіледі.

– Офицерлер, сержанттар, сарбаздар, қадірлі ата-аналар, жас сарбаздардың Отан алдындағы қастерлі борышын абыроймен атқаратынына сенім білдіремін. ТЖМ әскері қатарына қабылдану – үлкен жауапкершілік. Құтқарушы атау – үлкен құрмет, олар бейбіт күнде адамдарды әртүрлі апаттан арашалап, қауіп-қатерден құтқарады, – деді подполковник Тұрысбек Сартасев.

● ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

- Осы көктемгі маусымда 18–27 жас аралығындағы әскерге шақыруда кейінге қалдырылмаған және шақырудан босатылу құқы жоқ 1,5 мыңдай жас алматылықты жауынгерлік қызмет ету міндеті күтіп тұр.
- Алматыда жыл сайын 3 мыңдай жас жігіт әскерге шақырылады.

● БАҒДАРШАМ

КЕПТЕЛІСТІҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Алматыда 98 «ақылды» бағдаршам жұмыс істеп тұр

Қалалық жол қозғалысын реттеу орталығының мәліметінше, «ақылды бағдаршамдар» орнатылған қиылыстарда көлік кептелісі 20%-ға азайса, көлік жүргізушілері мен жолаушылардың жолға кететін уақыты 15%-ға қысқарған.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Ақылды бағдаршам» жүйесі Алматыда шетелдіктердің тәжірибесіне сүйене отырып, екі жыл бұрын орнатылған. Мұндай жүйе Қытайда, Англияда, Швейцарияда және Біріккен Араб Әмірліктерінде жұмыс істейді.

– Шынымды айтсам, нәтижелер біз ойлағаннан да жақсы болып шықты. Тіпті, өзіміз таңқалдық. Өйткені, кейбір қиылыстарда біз қозғалыс өсімінің өте үлкен пайызын байқадық, көлік ағыны өзгерді. Жүргізушілер модернизациядан өткен көшелермен жүру әлдеқайда ыңғайлы болғанын көрді, – дейді Алматы қаласы Орталық жол қозғалысын реттеу басқармасының бас инженері Алексей Ластовка.



Мамандардың айтуынша, жол қозғалысын басқарудың мұндай интеллектуалды жүйесі көліктер ағыны жылдамдығын, көлік кептелісін азайтып, өту қабілетін арттыру, жол апаттарына ұшырау қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

● ДОНОР



«ҚАН ТАПСЫРЫП, ӨМІРГЕ ҮМІТ СЫЙЛА!»

Осыдан біраз уақыт бұрын Алматы қалалық Қан орталығының «Қан тапсырып, өмірге үміт сыйла!» деген үндеуін көзі шалған Қазақстан Республикасының Алматы қаласы бойынша сот әкімшілігі департаментінің басшылығы әріптестеріне өз еркімен қан тапсыру жөнінде ұсыныс білдірген болатын. Бұл бастамаға бірден елуден астам қызметкер қолдау білдіріп, қан тапсыруға келісімін беріпті.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

– Өмір болған соң түрлі жағдайлар болады ғой. Бір адам ауыр жол апатына түссе, перзентханада өмірге адам әкелемін деп көп қан жоғалтқан қаншама ана қанға мұқтаж болып жатыр. Денсаулығы мен өмірі бір тамшы қанға тәуелді қаншама бала мен науқас жандар бар. Сондықтан қан тапсырып, адамға өмір сыйлау әр адамның азаматтық борышы деп ойлаймын. Қан тапсырған әріптестеріміздің қатарында департаменттің сот қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілері және судьяларымен бірге, аудандық соттың басшылары мен қызметкерлері де бар. Қан беруге келген әріптестеріміздің бұл қадамын үлкен адамгершілік пен қайырымдылық іс деп бағалаймын, – дейді Алматы қаласы бойынша сот әкімшілігі департаменті басшысының орынбасары Абай Жарылқасын.

Қан орталығының дәрігерлері мен зертхана қызметкерлерінің қатаң тексерісінен өткен департаменттің 50 қызметкері «Қан дайындау» бөлімінің қан және оның компоненттерін дайындау блогында қан тапсырып, адамға өмір сүру үмітін сыйлау парызын өтеді. Департамент басшылығының бастамасын қуана қолдаған қалалық Қан орталығының директоры Жандос Нәдіров сот қызметкерлеріне алғыс білдіріп, олардың кеудесіне орталықтың ең құрметті марапаты – «Мен – қан донорымын» деген төсбелгісін тақты.

Департамент қызметкерлері бұрыннан қайырымдылық іс-шаралардың бел ортасында жүреді. Олар қаламыздағы жетім бөбектерге арналған «Сәбилер үйін» қамқорлыққа алған. Қалада өтетін спорттық және мәдени іс-шараларда да департаменттің қыз-жігіттері алдыңғы шептен көрініп жүреді. Ал департамент қызметкерлерінің бүгін берген 23 литр қаны қаншама адамның өмірін құтқаруға септігін тигізеді десеңізші!



Айнабай
МӘДИ

Алматы қалалық Қорғаныс істері департаменті басшысының орынбасары, полковник Гауһар Сырлыбаеваның айтуынша, топтағы 30 болашақ жас құтқарушы ТЖМ-нің Қарағанды аумағында жауынгерлік қызметте болады. Айта кетерлігі, жастарды іріктеу мен бөлу олардың әскерге шақырылғанға дейінгі мамандығы ескерілетін болады. Әскери бөлімшені жинақтау әскерге шақырылушыларды еліміздің бір өңірінен екінші өңіріне жөнелтудің аумақтық және эксаумақтық қағида-тымен жүзеге аспак.

– Бүгінге дейін жинақтау, жас толқынды әскерге жіберу кезеңінде ҰҚК Шекара қызметіне – 250, Мемлекеттік күзет қызметіне – 10, Төтенше жағдайлар министрлігіне –



САРАПТАМА



ЖАҢА ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Елордада 8-9 маусымда «Астана Халықаралық форум–2023» атты алқалы жиын өтеді

Бұл – жаһандық сын-қатерлерді шешу үшін Астана ұсынып отырған жаңа диалог алаңы. Яғни геосаяси бөліну үрдісіне қадам басқан дәуірдегі бірқатар өзекті мәселелер осы алаңда талқыға салынбақ, оларды шешу жолдары қарастырылмақ. Айтулы шара «Диалог арқылы сын-қатерлерді еңсеру: Ынтымақтастық, даму және прогресс жолында» деген тақырыпты ту еткен.

Күн тәртібінде – маңызды мәселелер

Астана Халықаралық форумы бейсенбі күні шымылдығын ашып, ең алдымен бейбітшілік пен тұрақтылық, сауда байланыстары, сондай-ақ, энергетика және қауіпсіздік тақырыптарына арналған отырыстарын бастайды. Сессия тақырыптарының арасында денсаулық сақтау және климат тақырыбы да бар. Форумның бірінші күніндегі сессия отырыстарының арасында БҰҰ-ның бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі ролі де талқыланды. Бұл қатарда «Бейбіт өмірді, қатығыстарды және әлемдік жүйені қайта зерделеу» деген тақырыптағы семинарлар да өтеді.

Негізгі сессиялар тақырыбы барынша өзекті мәселелерді қарастыруға бағытталған. Мәселен, форум күн тәртібіндегі «Бейбіт өмірді, қатығыстарды және әлемдік жүйені қайта зерделеу», «Мүмкіндіктер не сын-қатерлер: бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі БҰҰ-ның ролі», «Орталық Азия Ынтымақтастық ұйымы», «Бірлесіп немесе бөлек әрекет ету: Мультилатерализмнің болашағы», «Өзгелердің шарасыздығы кезінде әрекет ету: қиын сәттердегі «Орта державалардың» дипломатиясы», «Шынайы құны: Геосаяси шиеленістің жаһандық дамуға әсері», «Орта дәліз: Еуразиядағы өзара байланысты нығайту» сияқты тақырыптық баяндамалар ауқымы өте маңызды дер едік.

Шараға кімдер қатысады?

Шараға көршілес елдер мен аймақтардың, алыс шетелдердің мемлекет басшылары, үкімет жетекшілері, сондай-ақ, халықаралық ұйымдардың, бизнес пен ғылыми ортаның лауазымды тұлғалары шақырылған. Ресми мәліметке сай форумға 1000-нан астам шетелдік қонақтар қатысатыны айтылған.

40-тан астам панельдік сессия, бейресми пікірталас және мазмұнды жиындар жоспарланған.

Форумның стратегиялық серіктестері қатарында Біріккен Ұлттар Ұйымы мен CNN де бар.

Форум Конгресс-орталықта (EXPO) өтеді.

Астана форумының мән-маңызы

Бүгінгі жаһандық геосаяси сипат терең дағдарыстар мен болжалсыз үрдістерге, тіпті қауіпті соғыс қатерлеріне толы. Төңірек толы қайшылықтардың қабындап өсіп, қарулы күш сынасуға дейін барып жатқан аумалы-төкпелі жағдайда. Бір сөзге жинақтағанда, жаһан жаңа әлемдік тәртіпті қалыптастыру үстінде. Әлемдегі ең ірі ойыншылар осы іс-қимылдар тәртібін өз мүддесіне қарай бейімдеу үшін барын салып жатқан кез. Әр ірі ойыншының мүддесіне қарай әлем елдерінде геосаяси бөлініс үрдісі пайда бола бастады. Адамзаттық ортақ құндылықтарды алға жылжыту міндетіне ие халықаралық қоғамдастықта да жікке бөлінушілік күшейді. Осыған орай мұны «әлемнің саяси үйектенуі» деп атауға да болар. Мұндай кезең геосаяси қатысуы төмен, көбінше табиғи ресурстарымен бағаланатын елдер мен аймақтардың (Қазақстан, Орталық Азия секілді) бейтараптылығына үлкен қауіп төндіруде. Әрі бұл күн санап өсіп, ай санап артып келе жатқан қауіп. Міне, сондықтан да Астана жаһандық ең түйткілді тақырыптарды талқылап, қайшылықтарды диалог арқылы шешіп, сын-қатерден шығу жолын ортақ іздеу үшін алаң ұсынып отыр.

Іс-шараның тағы бір көмескі мәні бар. Қазіргі геосаяси жағдайлар бұрынғыдай «сен тимесең, мен тимен» деп отыруға мұрша бермейді. Өз белсенділігінді, халықаралық мәселелердегі ықпал-орынды танытпасаң, ұлттық мүддеңе саятын кейбір мәселелер біздің сыртымыздан, өзгелер тарапынан шешілуі мүмкін. Сондықтан мұндай ауқымды халықаралық шаралар арқылы Қазақстан Республикасы өзінің ұлттық мүддесі мен ұстанымдарын негіздей алады.



Естай БОЖАН,
сарапшы.

МЕРЕЙ

ҚОНАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

ОТЫЗ ЖЫЛДЫҚ МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТТІ

Мемлекеттік рәміздер мерекесі қарсаңында Қонаев университеті 30 жылдық мерекесін салтанатты түрде атап өтіп, «Әділетті Қазақстан: заң үстемдігі, саяси жаңғырту және әлеуметтік-экономикалық реформалар» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырды.



Айнабай
МӘДИ

Халықаралық деңгейдегі бұл басқосу жиынында конституциялық реформаларды жүзеге асырудың өзекті мәселелері, саяси жаңғырту, заң үстемдігін қамтамасыз ету, барлығына тең мүмкіндік пен әділеттілікке баса назар аударылды. Сондай-ақ, конференцияда еліміздің экономикасы мен әлеуметтік-мәдени құрылысын жақсарту жолдары қарастырылды. Кең ауқымдағы жиынға қатысқан отандық және шетелдік ғалымдар, мемлекеттік органдардың қызметкерлері, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері аталған білім ордасының отыз жылда білім мен ғылымға қосқан сүбелі үлесін айрықша айтып, жеткен жетістігін байыпты баяндады. Университеттің Әділетті Қазақстан жолындағы тың талпынысы конференция делегаттарын ерекше серпілті.



Суретті түсірген Самат ҚҰСЫЙНОВ.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда сөз алған Дінмұхамед Қонаев атындағы халықаралық қордың президенті Эльдар Қонаев: «Осыдан отыз жыл бұрын Заң колледжі боп ашылып, бірте-бірте еліміздегі іргелі университетке айналған бұл білім ордасына ширек ғасыр республикамызды басқарған көрнекті мемлекет қайраткері Димаши Ахметұлының есімі берілуі сол кезде ерлікпен тең. Былтыр Д.Қонаевтың туғанына 110 жыл толғанын еске алу шарасынан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қапшағай қаласына Қонаев есімі берілді. Ал бүгінде Қонаев университетін бітірген қаншама тұлғаның еліміздің сан тарабында сапалы қызмет етіп жүргенін мақтан тұтамын», – деп, ілтипатты ерекше леппен білдіріп, Тараз қаласында орнатылған Қонаев ескерткішінің көшірмесін университетке сыйға тартты.

«Әлбетте, әділетті заң үстемдік құрмай, ел берекелі болмайды, мемлекет ілгері баспайды. Әрбірден соң еліміздің әлеуметтік-экономикалық реформаларының тыңғылықты орындалуы конституциямыздан бастау алатын бүкіл заңдарымыздың әділеттілігімен тікелей байланысты. Біз студенттерімізден жаңа заманға лайық, әділетті Қазақстанның заң үстемдігі мен саяси жаңғыруына сай маман даярлауға күш-жігерімізді салуымыздың бір сыры осында», – дейді университеттің Конституциялық, халықаралық құқық және кеден ісі кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымының магистрі Эльмира Алпысбаева.

Конференцияға Алматы қаласы әкімінің орныбасары Арман Қырықбаев қатысты.

ТҰЛҒАТАНУ

ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ

ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері Көпжасар Нәрібаевқа арналған мемориалды тақтаның салтанатты ашылуы болды. Ескерткіш-тақта ғалымның 1985–2020 жылдар аралығында тұрған үйінің қабырғасына орнатылды. Салтанатты шараға белгілі қоғам қайраткерлері, ғалымдар, Көпжасар Нәрібайұлының туыстары қатысты.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Көпжасар Нәрібаев Қазақстан Республикасының қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақстанның Жоғарғы және орта арнаулы білім министрі (1983–1987), Жоғарғы Кеңестің депутаты болды. Х және XI сайланған Қазақ КСР Кеңесін, 1991–2001 жылдар аралығында 10 жыл бойы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды басқарды. Бірнеше халықаралық, шетелдік ғылым академияларының толық мүшесі. 300-ден астам ғылыми еңбек, оның ішінде 30 кітап пен монография, 15 брошюра шығарған.

Алғашқылардың бірі болып сөз сөйлеген белгілі тарихшы, ҚР ҰҒА академигі Мәмбет Қойгелдиев Көпжасар Нәрібайұлының жан-жақты дарын иесі екенін айта келіп, қызмет атқарған жылдардағы еңбегіне тоқталды.

– Көбекең сөз өнеріне, әдебиет пен мәдениетке жақын, жан-жақты дарын иесі болатын, өлең жазатыны бар еді. Ол өз өмірінің «1986 жылға дейін және одан кейінгі кезең» деп екіге бөлінетінін



айтатын. Соның ең жемісті кезеңі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры болған уақыты. Мен ол кезде ҚазҰУ-да Тарих факультетінің деканымын. Қызмет бабымен көп сөйлесетінбіз. Сонда мен оның пайым мен парасат иесі, ақыл-ойдың адамы екенін түсіндім. Сол тұста тұлғалы азаматтың шапағатын біздің факультет бір кісідей-ақ көрді. Көбекең гажап тұлға, нағыз мемлекет қайраткері еді, – деді тарихшы.

Ал Көпжасар Нәрібаевтың шәкірті, әрі әріптесі, экономика ғылымының докторы, профессор Ержан Жатқанбаев бірге қызмет атқарған жылдардағы адами қасиеттері жайында айтты.

– Көбекең менің тәлімгерім болды. Сол кісінің арқасында 20 жылда 46 ғылым докторы мен кандидатын дайындадым. Ректор болған кезінде ҚазҰУ-дың аумағын сақтап қалды, бұл оның өз ісіне деген адалдығы мен жауапкершілігін көрсетеді. Әріптестерін қатты құрметтейтін, ұжымды бағалайтын. Көпжасар Нәрібаев ұйымдастырушылық қабілеті мол, жоғары білімнің жағдайын жетік білетін, ғылым әлемінде өз биігі мен беделі бар, парасатты тұлға болатын. Уни-

верситеттегі атқарылған игілікті істердің басында Көпжасар Нәрібайұлы тұратын, – деді ол.

Ескерткіш-тақтаның ашылу салтанатынан кейін Көпжасар Нәрібаевтың ұлы Марат тілшілерге арнайы сұхбат берді.

– Бұл күн отбасымыз үшін айтулы дата. Егер көзі тірі болғанда, бүгін әкем Көпжасар Нәрібаев 85 жасқа толар еді. Ол 1938 жылы 3 маусымда дүниеге келген. Жастық шағым осында өтті. Бұл үйде бізді әкемізбен байланыстыратын жарқын естеліктер көп. Мен үшін әкем көп қырлы тұлға еді. Өмірде, еңбекте үлгі болды. Әңгіме айтқанда сөздің майын тамызатын. Ойын тереңнен толғайтын. Кейде әкеммен бірге іс-шараларға баратынымын. Сонда оның сөйлеген сөздері мен ой-орамдарын ықыласпен қызыға тыңдайтынмын. Өнерге, музыкаға жаны құмар еді. Кабинетінде ілулі тұратын домбырасын шерткенді жақсы көретін. Ол шынайы достықтың бағасын білетін. Достары тым көп болмаса да, олар қуанышта да, қайғыда да қасынан табылатын. Дастархан басында отырғанда қазақша, орысша әндер айтып, кез келген отырысты жандырып жіберетін, – деп еске алды ұлы.



● ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

КӨК БАЙРАҚ, ЕЛТАҢБА, ӘНҰРАН –

мемлекетіміздің мәртебесі, халқымыздың ар-намысы



Рәміздерімізді қорғап, қадірлеу,
көздің қарашығындай сақтау –
бәрімізге ортақ аманат



(Басы 1-бетте)

Президент Мемлекеттік ту көтеру рәсімінің тағылымдық мән-маңызына тоқталды. Мемлекеттік рәміздер тарихымызды, өзіндік болмысымызды және халқымыздың жарқын болашаққа ұмтылысын айғақтайтынын атап өтті.

– Көк байрағымыз, Елтаңбамыз және Әнұранымыз – күллі халқымызға қастерлі нышандар. Біз үшін тәуелсіздік – ең қымбат құндылық, ал туымыздың асқақ желбірегені – аса биік мәртебе. Батыр бабаларымыз сын саатта әрдайым бір тудың астында жиналған. Бөрілі байрақ күллі түркі жұртын біріктірген. Абылай ханның ақ туы бүкіл қазақтың басын қосқан. Алаш туы арыстарымыздың жігерін жанып, намысын қайраған. Біз бабаларымыздың даңқты жолын жалғастырып келеміз. Байрағымыз Біріккен Ұлттар Ұйымының төрінде тұр. Оны ғарышкерлеріміз көк жүзіне көтерді. Альпинистеріміз әлемнің ең биік шыңдарына орнатты. Спортшылар жеңіс тұғырынан желбіретіп, Әнұранымызды шырқатты. Күллі әлем Қазақ елін Көк байрағына қарап танытын болды.

Біз асыл құндылықтарымызды аяқасты етуге жол бермейміз. Биыл мемлекеттік рәміздерді қорлаған адамдарды жазалау шаралары ұлықталды. Түсіндіру жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп жатыр. Отаншылдық мемлекеттік рәміздерді қастерлеуден басталады. Біз ұлттық нышандарымызды ұлықтау арқылы өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге көрсетеміз. Оларды отансүйгіштік, жасампаздық рухта тәрбиелейміз. Сондықтан бүгінгі



салтанатты рәсімнің тағылымдық, тәрбиелік мәні айрықша. Мемлекеттік рәміздерде бүкіл Қазақстан халқын біріктіретін, жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайтатын құдіретті күш бар. Айтулы мерекелер мен әлемдік дүбірлі спорт сайыстарында жеңіске жеткен кезде жүрегімізде Отанға деген сүйіспеншілік оты лаулап, елімізге деген мақтаныш сезімі пайда болады. Көк байрағымыз, Елтаңбамыз және Әнұранымыз – мемлекетіміздің мәртебесі, халқымыздың ар-намысы. Олар алға қарай нық қадам басып, биік

мақсаттарға қол жеткізу жолында күш-жігер береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Салтанатты рәсім барысында жоғары әскери оқу орындарының 12 үздік түлегі Қазақстан Президенті – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысының қолынан офицерлік шен алды. «Біз қазір еліміздегі ең биік байрақтың түбінде тұрмыз. Жыл сайын осы жерде жас офицерлерге әскери шен табыстау жақсы дәстүрге айналды. Осындай шаралар Отан күзетінде тұрған жастарымызға

жігер береді. Оларға зор жауапкершілік жүктейді. Бабаларымыз «Туың жығылмасын» деген баталы сөз қалдырған. Рәміздерімізді қорғап, қадірлеу, көздің қарашығындай сақтау – бәрімізге ортақ аманат. Сіздер халқымызға адал қызмет етесіздер деп сенемін», – деді Мемлекет басшысы.

Шара соңында Мемлекеттік күзет қызметінің, Қорғаныс және Ішкі істер министрліктерінің Құрмет қарауылы роталары Президент пен жиналған қауым алдынан салтанатты маршпен жүріп өтті.

Ту көтеру рәсіміне Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов, Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің Басшысы Олжас Бектенов, мемлекеттік органдар басшылары, Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы мәселелері жөніндегі республикалық комиссия мүшелері, жоғары әскери оқу орындарының курсанттары мен олардың туыстары қатысты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



САЛТАНАТТЫ ЖИЫН

4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күніне орай Алматыда «Батыр» Президенттік полкінің Ту көтеру тобының салтанатты рәсімі және Әнұранды жаппай орындау іс-шарасы өтті.

ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

Алматыда Мемлекеттік Ту көтеру рәсімі өтті



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Патриоттық іс-шара «Медеу» биік таулы спорт кешенінде өтті. Салтанатты шараға Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, мәслихат депутаттары, жұртшылық пен жастар ұйымдарының өкілдері қатысты. Іс-шараға барлығы мыңнан астам адам қатысты.

Мерекелік Әнұран бір уақытта қаланың барлық аудандарында сағат 11.00-де орындалды. Алматы тұрғындары саябақтарда, скверлерде, мектептерде және басқа да қоғамдық орындарда елдің Әнұранын орындады.

Мемлекеттік рәміздер күнін мереке-леу веложарыспен жалғасты. Жарысқа 500-ден астам алматылық қатысты. Ве-

ложарыс Шевченко көшесімен өтті: М.Ганди саябағынан Қонаев көшесіне дейін. Мәреде қатысушылар Қазақстанның Әнұранын орындады.

Мерекелік іс-шаралардың соңы ашық аспан астындағы концертке ұласты. Абай алаңында қала тұрғындары үшін отандық эстрада жұлдыздары: Мархаба Сәби, Қазбек Құрайыш, Нұржан Керменбаев, Дильназ Ахмадиева, Жұбаныш Жексенұлы, «Made in KZ» және «Арай tribute» топтары және т.б. өнер көрсетті. Концерт Құрманғазы атындағы консерватория студенттері мен Жамбыл атындағы мемлекеттік хордың жастар құрамының Әнұранды орындауымен аяқталды.

Іс-шара мақсаты – Қазақ мемлекеттілігінің символы саналатын Көк байрақ, Елтаңба, Әнұранның айбынын асқақтату.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Марғұлан МҰХАМЕДЖАН,
Наурызбай ауданы Жастар ресурстық
орталығының жетекшісі:

ОТАНСҮЙГІШТІК СЕЗІМДІ ОЯТАДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің бастамасымен қалалық деңгейде ту көтеру рәсімінің маңызы зор. Осындай игі шаралар отансүйгіштік сезімді оятуға үлкен септігін тигізеді. Мұндай іс-шаралардың түпкі мақсаты рәміздерімізді насихаттау, дәріптеу, құрмет білдіру болып табылады. Әрбір жас Көк туымыздың желбірегенін көріп, ішкі рухы оянады деп санаймыз. Айбынды істердің басы-қасында жүрген жандарға алғыс білдіреміз. Жастарды белсенді болуға шақырамын.

Жаһандану үдерісінің салқыны ешкімді айналып өтпесі анық. Аумалы-төкпелі шақта, қазақы рухты жандандыра берейік. Әрқашан әділ қоғамға қарай бет алайық. Сонда мемлекеттік мүддені алдыңғы орынға қойып, дамыған державалар қатарына қосыламыз. Алпауыт елдермен қатар тереземіз теңесіп, экономикалық қуатымыз еселенеді. Осының баршасы орындалуы үшін жас та, жасамыс та тізе қосып тірлік қылайық.

Елдің әрбір азаматы мемлекеттік рәміздердің қадір-қасиетін сезінсе екен. Мұндай шараның мағынасын сезіну үшін патриоттық бағыттағы жиындарды көбірек ұйымдастырған абзал. Жас өрендер елдік-ұлттық мүддеге берік болса, көптен озамыз.



Бағдат АНАРБАЕВА,
Алматы қаласы волонтер фронт-офисінің жетекшісі:

РӘМІЗГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ІЗЕТ

Бұл күн ерекше мерекелердің бірі. Өйткені, бұл күні рәміздеріміз ұлықталады. Сонымен де ерекше мереке деп айтсам болады Барлығымызды Көк тудың астына біріктіреді. Жыл сайын әдеттегідей қатысудан танбаймыз.

Рәміздер күнін қатардағы мерекелерден артық қоямыз. Дербестік жылдары жасалған игі іс пен атқарылған шаруа көп. Ең бастысы, бәріміз бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай Отан үшін аянбай қызмет етуіміз қажет. Сонда ғана алға қойған, көздеген, диттеген мақсат-мұраттарға қол жеткізеріміз анық. Осы күні бір тудың астында, берекелі-мерекелі күн кешу термині жиі айтылып жүр. Ендеше, аталған ой іс жүзінде көрініс тапсын десек, жоғарыда қозғалған ой-пайымдардан тұжырым шығаруға тиіспіз. Осы жолда әркім өз біліктілігін арттырып, ісіне беріліп тірлік қылса, алынбайтын асу, берілмейтін қамал болмас. Осы аталған ұғымдардың басты нышаны, ол – мемлекеттік рәміздер деп білеміз.



АЛМАТЫ ЖӘНЕ АЛМАТЫЛЫҚТАР

МЕРЕКЕЛІК ВЕЛОШЕРУ

Тәуелсіздігіміздің нышаны
саналатын Рәміздер күнін Алматы
халқы ерекше атап өтті.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Спорттық шеруге спортшылар мен мемлекеттік қызметкерлерден бөлек, мектеп оқушылары мен сергектікті жанына серік еткен мыңға жуық қала тұрғыны қатысты. Көк туымызды көкке желбіреткен

қатысушылар 5 шақырымдай жерді жүріп өтіп, мәреге жеткенде мемлекеттік Әнұран орындалды.

Мереке күні Алматы аудандарының барлығында Көк туымыз желбіреп, Елтаңбамыз ардақталып, Әнұранымыз шырқала берсін деген ниетпен түрлі мәдени іс-шаралар мен мерекелік концерттер өтті.

Патриоттық іс-шара егемен еліміздің болашағы – жас ұрпақты ұлттық дүниетаным негізінде тәрбиелеу, патриоттық, отансүйгіштік сезімдерін ояту мақсатында және бұқаралық спортты дамыту мақсатында ұйымдастырылды.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЖӘРДЕМАҚЫ

ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКС жұмыс істейтін халықтың мүддесін көздейді

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі әділ әлеуметтік саясат үшін негіз болады және әрбір адамның туғаннан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейінгі өмір жолының кезеңдеріне сәйкес, барлық адамда бірдей бола бермейтін қажеттіліктерден туындауы мүмкін іс-шараларды (өмірлік қиын жағдайдағы адамдар үшін әлеуметтік кепілдіктер) көрсете отырып құрылған.



Кодексте қазіргі кездегі әлеуметтік қолдаудың барлық әлеуметтік кепілдіктері мен нысандарының, оның ішінде азаматтарды зейнетақылармен және жәрдемақылармен, сондай-ақ «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ арқылы тағайындалатын әлеуметтік төлемдермен қамтамасыз ету сақталғанын атап өткен жөн. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі 2005 жылдан бастап әлеуметтік тәуекелдердің 6 түрлі жағдайы басталған кезде жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қорғаудың қосымша деңгейі ретінде енгізілді. Міндетті әлеуметтік сақтандыру ынтымақтастық принципіне негізделген, өйткені әлеуметтік аударымдар барлық жұмыс істейтін азаматтар үшін төленеді, ал төлемдерді тек әлеуметтік тәуекел туындаған адамдар ғана ала алады.

• **Биылғы қаңтар-сәуір айларында Алматы қаласы бойынша Қорға 26,9 млрд теңге сомасына 857 622 адам үшін әлеуметтік аударымдар түсті, ал Қордан әлеуметтік төлемдерді 20,8 млрд теңге сомасына 61 077 адам алды.**

Қордан еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына төленетін әлеуметтік төлем мүгедектігі бойынша бюджет қаражаты есебінен төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға қосымша тағайындалады. Төлем міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға медициналық-әлеуметтік сараптама жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін 30%-дан 100%-ға дейін белгілеген күннен бастап оның бүкіл кезеңіне еңбек қызметін жалғастыруына қарамастан жүргізіледі. Әлеуметтік төлемнің мөлшері кейінгі 2 жылда Қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген кіріске, сондай-ақ еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесінің, жүйеге қатысу өтілінің және кірісті алмастыру коэффициенттеріне байланысты болады.

• **2023 жылдың қаңтар-сәуір айларында Қордан аталған төлемді қала бойынша 1,3 млрд теңге сомасына 7552 адам алды.**

2023 жылғы 1 шілдеден бастап мүгедектігі бар адамдарға берілетін жәрдемақылар мен төлемдер 14,5%-ға арттырылады және бұл төлемдердің биылғы 1 қаңтардан бастап 8,5%-ға өсуін ескере отырып, жәрдемақылар мен төлемдердің жылдық мәндегі өсуі 23%-ды құрайды.

Қордан асыраушысынан айырылу жағдайына төленетін әлеуметтік төлем асыраушысынан айырылуы бойынша бюджет қаражаты есебінен төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға қосымша тағайындалады. Төлемге құқық қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушысының асырауындағы отбасы мүшелеріне асыраушы қайтыс болған күннен бастап туындайды. Төлем асырауындағы адам 18 жасқа толғанға дейін, ал күндізгі оқу нысаны бойынша оқуды жалғастырған жағдайда 23 жасқа дейін жүзеге асырылады.

Әлеуметтік төлемнің мөлшері кейінгі 2 жыл ішінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген қайтыс болған асыраушының кірісіне, сондай-ақ кірісті алмастыру, асырауындағы адамдар санының және жүйеге қатысу өтілінің коэффициенттеріне байланысты болады.

• **Биылғы қаңтар-сәуір айларында Алматы бойынша**

ЕҢБЕК АДАМЫ

ҮЙДЕ ДЕ, ТҮЗДЕ ДЕ АБЫРОЙЛЫ

Адам өміріне араша түсетін дәрігерлік мамандықты таңдау үлкен жауапкершілік. Себебі, дәрігер адам анатомиясын өте терең білумен қатар, кез келген жағдайдағы науқастан жиіренбейтін, қаннан қорықпайтын, адам тағдырына немқұрайлы қарамайтын, төзімді, жүйкесі мықты жан болуы керек.



Сондай жандардың бірі – Алматы қаласы Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесіндегі емдеу бөлімінің басшысы, әділет майоры Дильнара Рашидинқызы. №11 мекемесінде, яғни жасөспірімдер колониясында қазіргі күні кәсілетке толмаған 36 жасөспірім жазасын өтеп жатыр. Мекемеде 6 орынды медициналық бөлім және құрт ауруына арналған оқшаулау орны бар, 17 ақ халатты абзал жан жұмыс істейді. Медициналық бөлім басшысы Дильнара Нурдинованың айтуынша, медицина бөлімінің қызметкерлері мекемеге келіп түскен сотталғандарға тұрақты медициналық көмек көрсетіп, сонымен қатар

жылына екі рет жоспарлы түрде профилактикалық тексеруден өткізіп тұрады. Алматы қаласындағы №24 қалалық емханамен тығыз байланыста, профилактикалық тексеру жүргізу кезінде сол мекемеден лор, хирург, невропатолог, терапевт, окулист мамандар шақырылады.

Мекемедегі сотталғандар арасында созылмалы ауру анықталған науқастар медицина бөлімінің қызметкерлерімен үнемі қадағаланып, уақытылы дәрі-дәрмектер беріліп, қажет болған жағдайда Алматының ауруханаларынан арнайы маман-дәрігерлер шақырылып, қосымша тексеру жұмыстары жүргізіліп, қорытынды диагноз қойылып, қажетті ем алынады. Мекемеде арнайы стоматология кабинеті бар, тісі ауырған сотталғандарға ем көрсету үшін медициналық құрал-жабдықтармен толықтай жабдықталған.

– Еңбек етпей бақытты өмір сүру мүмкін емес. Ал жаның сүйетін іс өзгелерге пайдалы болса, одан асқан бақыт жоқ шығар. Батылдық, жан жылуы, өзгелерге жәрдем беру – барлық дәрігерге тән қасиет. Дәрігерлер жүрегінде Гиппократ антына әрдайым адал болады. Жас мамандарға да солай болуды тілеймін. Ол үшін көп ізденіп, көп еңбектену керек, – дейді Дильнара Рашидинқызы.

Әйел адамға жұмыс пен отбасын қатар алып жүру әсте оңай емес. Оның үстіне біздің кейіпкеріміз жабық мекемеде, яғни бас бостандығынан айырылған жастар отырған колонияда 26 жылдан бері еңбек етіп келеді. Жауапкершілік үлкен. Бірақ ол бәріне үлгеруге тырысады. Отбасының ұйытқысы, екі ұлдың аяулы анасы.

ТАҒЫМ


Кешегі «Қаңтар оқиғасы» әлі де ұмытылған жоқ. Ұмыта алмай жүргендердің бірі, қоғам белсендісі – Гүлзат Асанқызы. Ол әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы отбасылармен жұмыс істейді, сол топтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап жүретін жан.

АЛМАТЫНЫ АЯЛАЙЫҚ

Пандемия кезінде Алатау ауданындағы «Шаңырақ» ықшамауданында жұмыссыз, табыссыз, ас-сусыз қалған талай отбасына қайырымды жандардан жиналған азық-түлік пакеттерін жаяу-жалпылап тасығандардың бірі. Қалың бұқараға осылай жақын жүретін, айтар ойы, пікірі бар, қоршаған ортасына бей-жай қарай алмайтын санасы сергек жан болғандықтан, телебағдарламалар Гүлзатты тәуелсіз сарапшы ретінде жиі шақырады.

Иә, ол «Қаңтар оқиғасын» көзімен көргендердің бірі. Көрмейін десе, бұрынғы жұмыс орны – «Бақытты отбасы» орталығы да, үйі де дәл «Алматы Арена»ның түбінде болды. Баласын құшақтап терезе алдында тұрған сол күні. Бір кезде көшеге шыққан адамдардың қарасы қалыңдап бара жатқанына алаңдап, шыдамай сыртқа шықты. Бір-екі ер адам көшеде тұрған көліктердің дөңгелегін шешіп алып жатыр екен. «Бұларыңыз не, біреудің мүлкіне нелеріңіз бар, доғарыңыздар!», – деп еді, «Шаруаныз болмасын, үйіңізге барыңыз», – деді түсі суық бұжыр қара. Гүлзаттың жүрегі зырқ ете қалды. Әлгі адамның жанарында өшпенділік бар сияқты көрінді. Бірақ оның жан-жағын неге қиратып жүргенін түсіне алмай дал. Айнала у-шұға толып кетті. Гүлзат жүрегіне өксік тығылып үйіне әрең жетті. Бір қараса, ағыл-тегіл жылап отыр екен. Неге жылап отырғанын өзі де білмейді. Бір білері – Алматыға ниеті бұзық адамдар қастандық жасап жатқандай, алып мегаполис шайқатылып тұрғандай әсерден арыла алмады. Олардың бейбіт ниетте шеруге шыққан отандастарымыздың арасына іріткі салмақ болған лаңкестер екенін кейін білді ғой.

Әрине, бұл күнде ол күндер де артта қалды. Бірақ ұмыту мүмкін емес. Алматыда Республика алаңында «Қаңтар оқиғасының» құрбандарына арналған «Тағзым» көп сатылы сәулет кешені ашылды дегенде, ертеңіне арнайы барып көргені де сондықтан. Көңілі бір ысып, бір суығанын да жасырмайды. Сол күндер көз алдынан тағы бір өте шыққандай болған себебі. Қазір бүкіл арман-мақсатын жүзеге асыруға дәнекер болған ару Алматы бұрынғысынан да көркейіп, көз алдында биіктеп келеді. Соған қуанады.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлзат АСАНҚЫЗЫ, қоғам белсендісі:



ТАСҚА ҚАШАЛҒАН ТАРИХ

«Тағзым» мемориалының авторларына рахмет, сәтті шешімдерге барған. Ондағы ескерткіш тастар төрт бөлікке бөлінген. Мәселен, ақшыл сұр бөлігі – еңсеруді, қара түс «Қаңтар оқиғасы» кезіндегі өзін куәсі болған дүрбелең мен үрейді бейнелейді. Сұр бөлігі құрбан болған жазықсыз жандар мен төгілген қанның символы болса, ақ түс болашаққа, жақсы күндерге ұмтылуды білдіреді. Әр тасқа қашалып жазылған ұлы тұлғаларымыздың қанатты сөздерін түгел оқып шықтым. Оның бәрі бүгінгі ұрпаққа өнеге. Тасқа қашалған «Қаңтар оқиғасы» ешқашан қайталанбауы керек. Еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын қорғау – үлкеннің де, кішінің де перзенттік парызы деп білемін.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



● МӘСЕЛЕ

«АДАМНЫҢ БІР ҚЫЗЫҒЫ БАЛА ДЕГЕН...»

Қазақ қоғамы үшін чайлдфри субмәдениеті – жат ұғым

«Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер» деген еді Алаш қайраткері Мағжан Жұмабаев. Расында, қай заманда болса да, ұрпақ тәрбиесі – өте өзекті мәселе. Бүгінде үлкен де, кіші де қолындағы смартфонға үңілген заманда, бала ата-ананың назарына зәру. Әркім өзінің жан тыныштығын ғана алдыңғы орынға қоятын қазіргі дәуірде баланы артық жүк көріп, өмірден ұрпақсыз өтуді таңдайтындар да бар. Әсіресе, өркениетті елдердің тұрғындары, ел-жер көріп саяхаттаған, жоғары білімді азаматтар арасында балалы болудан саналы түрде бас тартушылар көбейген. Батыстан келген childfree деген осы бір субмәдениетті біздің елде де қолдайтындар бар көрінеді.

Айнұр
СЕНБАЕВА

Қазақ тілінде баламасы жоқ childfree (чайлдфри) термині АҚШ-та 1970 жылдардан бастап енгізіле бастаған. Бұл еркін өмір сүру, балалы болудан бас тарту деген мағынаны білдіреді. Бір алаңдатарлығы, childfree қозғалысы тек орыстілді ғана емес, қазақтілді медиада, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде талқыланатын тақырыпқа айналып отыр. Шетелдік ғалымдардың зерттеуінше, сауалнамаға қатысқан азаматтардың 27%-ы балалы болғысы келмейтінін айтса, көршілес Ресейдегі сарапшылардың болжамы бойынша бұл көрсеткіш 9%-ға жеткен. Қазақстанда мұндай арнайы зерттеулер жүргізілмейді. Дегенмен, мамандар біздің елде де бұл үрдістің көрсеткіші 2 пайыздай болатынын айтып отыр.

Қазіргі күн сайын құбылатын қоғамда түрлі пікірдегі азаматтардың болуы заңдылық. Байқап отырсақ, осы балалы болудан бас тартатын азаматтар өздерімен санасуды талап етіп, әлеуметтік желілерде бұл субмәдениет өкілдерінің басын біріктірген топтар мен парақшалар ашып алған. Олар бір-бірімен арнайы платформаларда танысып, араласады. Чайлдфри қозғалысының өкілдері өздерін чайлдхейт идеологиясына берілгендермен шатастырмауын өтінеді. Өйткені, чайлдхейт идеологиясына берілгендер баланы мүлде қабылдамайды, тіпті, жек көреді, ал чайлдфри өкілдері баланы жақсы көреді, бірақ балалы болудан бас тартады. Олар ең алдымен, өздеріне жауапкершілік алғысы келмейді. Екіншіден, «адамзат менің тұқымымсыз да жойылмайды» деген ұстанымда. Сондай-ақ, өздерінің әлеуметтік жағдайын жақсартып, еркін саяхаттап, өмірдің бар қызығын көруді мақсат етеді. Өздерін либералды көзқарастағы азаматтар санайтын топ отбасылы, балалы-шағалы азаматтарды тым ескі, консервативті көзқарастағы адамдар деп қабылдайды.

Чайлдфри қозғалысын қолдаушылардың көбі көпбалалы отбасылардан шыққан адамдар. Олар ата-анасының бүкіл өмірін балаға арнағандарын айтып, қиындықпен

өмір сүргендерін алға тартады. Кейбір адамдардың балалық шағында қандайда бір жүрегін жараалаған жәйттер болады, кейбіріне мейірім жетіспеген. Осының бәрі кейіннен олардың балалы болғысы келмеуіне себеп болып жатады. Біреулер шыр еткен сәбидің үніне зар болып жүрсе, енді біреулер балалы болудан қашады. Еліміздегі чайлдфри қозғалысының өкілдерінің арасында өздерін уақытша чайлдфри санайтындар да кездеседі екен.

Жат ұғымның кесірі
тимесін десек...

Дәрігерлердің айтуынша, әйел адамның өмірге келудегі басты миссиясы дүниеге ұрпақ әкелу екенін дер кезінде түсінбеудің салдары ауыр. Өйткені, репродуктивті жастан асып кеткен соң әйел қанша балалы болғысы келсе де, мүмкіндігі болмайды. АҚШ пен Еуропа елдерінде соңғы 40–50 жылда чайлдфри идеологиясының «нәтижесі» көріне бастаған. Жетпісінші жылдары америкалық азаматтардың 40 пайызы балалы болса, соңғы онжылдықта бұл көрсеткіш 20 пайызға кеміген. ВВС мәліметінше, АҚШ Еңбек статистикасы бюросының зерттеулері көрсеткендей, ел азаматтары үй жануарларына көбірек ақша жұмсайды екен. Кейінгі жылдары бұл үрдіс дамыған Еуропа, тіпті, Азия елдерінде де байқалып жатыр.

Ғалымдар әдетте чайлдфри қатарына отбасылық құндылықтар жайлы өзіндік көзқарасы қалыптаспаған жастар қосылады дейді. «Өзің үшін өмір сүр», «бала деген үлкен жауапкершілік», «баланы туып, тастап кеткенше тумаған дұрыс, «балаға жағдай жасай алмаса, туып несі бар» деген секілді жиі айтылатын пікірлер, күнде теледидардан, әлеуметтік желілерден көрсетіліп, жазылып, айтылып жатқан отбасылық кикілжіңдер жастарды батыстық қозғалыстардың қолдаушысы болуға итермелейтіні анық. Сондықтан отандық мамандар бұл қозғалыстың идеологиясын жан-жақты зерттеп, оның әлеуметтік, экономикалық, психологиялық себеп-салдарын зерделеп, жас ұрпаққа оның ықпалын азайтуға күш салғаны жөн.



● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ:
түрлі-түрлі пікір бар

ДИНАРА:

– Еліміздегі көп адамның бала сүюден бас тартуына бала асыраудың қиындығы себеп болады. Әйел адамға бүкіл туған туысы «бала ту, неге бала көтермей жүрсің, неге бір баламен тоқтап қалдың» деген сияқты орынсыз сұрақтарды қойып, біреудің жеке өміріне араласады. Ал әйел адамдар қазіргі заманда ерлермен бірдей жұмыс істейді, одан қалса, кешке үйге барған соң ер адамдар демалады, ал әйелдер отбасына ас әзірлеп, балаларының жағдайын жасауы керек. Балаға тек материалдық жағдай жасаудан бөлек, тұлға ретінде көңіл бөліп, тәрбие беруге де қаншама күш қуат керек. Осының бәрін ескере отырып, әйелдер балалы болудан бас тартады.

АЛИША:

– Өзім де бір кездері чайлдфри болғанмын. Жастау кезімде бала сүю туралы ойласам, қатты қорқатынмын. Өйткені, баланы бағып, оны жақсы азамат етіп өсіруге бүкіл өміріңді сарп ету керек деп ойлайтынмын. Бірақ қазір өзімнің тәп-тәтті ұл мен қызым бар. Оларсыз өмірді елесете алмаймын.

Кейбір чайлдфри таныстарымның әлеуметтік желідегі парақшаларын қарап отырсам, оларды қоғам қабылдай алмайды. Жалпы, біздің қоғамда біреудің жеке пікіріне деген құрмет төмен. Біреудің таңдауына сын айтып, жеке өміріне қол сұқпас бұрын ойлану керек. Балалы адамдардың да арасында бақытсызы болатынын ескерген дұрыс.

● МАМАН ПІКІРІ

Рауан ӘЛІБАЕВА,
психолог:

– Біздің дінімізде, ділімізде бала сүюді зор бақытқа балайды. Сондықтан бізде балалы болғысы келмейтін азаматтардың саны өте аз деп ойлаймын. Ғаламтор дамыған ақпараттық заманда батыстың түрлі қозғалыстары жайлы ақпараттардың таралуына ешкім кедергі бола алмайды. Дегенмен, жұрт жаппай осы қозғалысқа бет бұрып кетпеді деп есептеймін. Орта жастағы адамдарға бала кезіндегі жағдайлар әсер етсе, жастар жағы батыстың идеологиясына еріп, еліктейді.

● БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

Алматыда халық нөпірі көп. Баратын жер шалғай. Бір шетінен келесі бұрышына жету оңай емес. Сондықтан тиімді көлік құралын таңдаушылар қатары артты.

Әлемдегі алып шаһарларда велосипед пайдаланушыларының өзіндік жолағы, ережесі, арнайы белгілері бар. Нью-Йорк, Пекин, Шанхай, Токио көшелерінде мұны көп қолданады. Заңмен бекітілген ережеге бағынады. Ешкім ол жолға жөнсіз шықпайды. Өйткені, ауаға таралатын зиянды қалдық көбейіп барады. Оған тікелей әсер етуші фактор – машина. Қанша жерден газға көшірсек те, бәрібір улы зат таралу айтарлықтай төмендемесі анық. Әрине, белгілі бір деңгейде азаяды. Дейтұрғанмен, одан да тиімді жағын іздеу қажет. Қанша жерден көгалдандыру ісімен айналыссақ та, олай болмайды. Себебі, улы түтін өкпе қабынуы, бас айналу сынды ауру-сырқауға душар етеді. Сондықтан да велосипед тебуші жандарды көбірек насихаттаған абзал. Осыған орай, ұзақ жылдан бері жеңіл көлікті велосипедке айырбастаған фольклортанушы-ғалым Сейілбек СӘКЕНДІ әңгімеге тарттық.

Әуелі жүгірумен айналыстым

Балалық шақта әлсіздеу болдым. Сәл нәрсеге ұшып түсетінмін. Содан ержете келе дене жаттығуларын жасап, жүгірумен айналыстым. Кейін ҚазҰУ-дің Филология факультетіне оқуға түстім. Онда да тастамадым. Сөйтіп, біртіндеп тынысым ашылды. Жамбыл облысына мұғалім болып бардым. Мектепте қазақ тілі мен әдебиеттен сағат жетіспеді. 1 жылдай дене тәрбиесінен сабақ бердім. Өзім де жүгіруге құмар едім. Осылайша 1970 жылдары белсенді түрде жүгіруге үйреніп алдым. Бүгінде Алматыда тұрамын. Бәрібір спорттан қол үзбедім. Таңда ауланы бірнеше қайтара айналып жүгіремін. Кей күндері жүгірмей қалсам, құдды бір денемді еңжарлық басып алатындай сезіледі. Сол себепті де, сүйікті ісімнен бас тартпаймын. Біз фольклортану ғылымымен

ш ұ ғы л д а н а м ы з . Университетте де оқытушы болдық. Мұның бәрі ой еңбегінің жемісі. Сондықтан мейлінше спортты жанымға серік етемін. Айналамдағыларға спортпен шұғылдануға кеңес те беріп қоямын. Ұдайы қозғалып, тұрақты дене қимылымен айналысу ширақ қимылдауға себепкер болады.

Пайдасы зор

2009 жылдан бері велосипед тебемін. Автобусты қойдым. Тек қыста қалың қар түскенде қоғамдық көлікке көшемін. Өлгінде айтқанымдай, жүгірумен айналысқаннан кейін болар, бұған да етім үйренді. Үй-жайым «Қалқаман» ықшам-ауданында. Қазіргі жұмыс орным Ғылым академиясында. Екі ортаның арасы 13-14 шақырым. Бір кездері Қыздар университетінде істедім. Байқасам, 14 жылдан бері велосипед қолданады екенмін. Алғаш велосипед тебе бастағанда неше түрлі пікір айтушылар болды. Ағам да қарсылық танытты. Ешкімнің айтқанына құлақ түрмедім. Өзімнің жанымға жақын іспен айналыстым. Бір кездері көлік қағып, Қаскеленнің емханасында емделдім де. Соған қарамастан, пайдалануымды доғармадым. Бұл бәлкім, өзіме жағатын іс болғандықтан болар. Ең бастысы, қан айналымын жақсарттады. Денсаулыққа



пайдалы. Дене мүшеніңіздің барлығы дерлік қозғалады. Сонысымен де тиімді. Веложол – «Жаныма жақын жолақ жол».

Әркімнің өз жолы бар

Алғаш велосипед тебе бастағанда ешбір жағдай жоқ еді. Қалада арнайы жолдар болмайтын. Соңғы 8-9 жылдың көлемінде арнайы «веложол» салынды. Содан бастап рахаттана бастадық. Ешкімнің жолын кеспейміз, өз жолымыз бар. Кейде осы айтқан қағиданы орындамай жататындар ұшырасады. Арнайы жолмен жүреміз. Бірақ құлағына құлаққап тағып, жолды кес-кестейтіндер табылады. Тіпті, өзінің жолды кесіп тұрғанын елемейді.

Бірде бір әйел балағаттаудың неше атасын жаудырды. Ондай кездескендерді елеі берсең, жүріп-тұру мұңға айналатын шығар. Осындайда неге әркім өзіне белгіленген жолмен жүрмейді деп қапаланамыз. Бұл жағы жасырын емес. Қазір самокат, мопед, мотоцикл көп. Баршасы осы жолмен жүреді. Қатты жүргізбеймін. Байыппен жүремін. Әлгілерге ұқсап ұшқытып айдамаймыз. Кей кездері дөңгелек жарылады. Бірнеше рет жолда жөндеп алдық. Басымызға арнайы баскіім киеміз. Жаңбырлы күндер болса, күрте киеміз. Осыған әбден үйреніп қалдық. Талай мәрте жаңасын ауыстырдым. Қысқасы, жасым 70-ке жақындады. Қанша ғұмыр кешеміз, сол уақытқа дейін жарасак, велосипедтен түспеспіз деген ниеттемін.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

Р.С. Денсаулықты қадірлеу керек. Адам баласына ешнәрсе мәңгі берілмеген. Сол себепті, жас уақытта тән мен жан саулығын қатар қадағалаған жөн. Ол үшін спортқа бейімдік қажет. Сонда ғана дүниенің рахатын сезіне аласыз. Әрдайым ширақ жүресіз демекпіз.



ШАХМАТ

АҚЫЛ МЕН ОЙДЫҢ БӘСЕКЕСІ

Алматыға ең мықты
шахматшылар жиналды



Шахматтан Азияның құрлықтық чемпионаты басталды. Оның ашылу салтанаты Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында өтті. Чемпионаттың алғашқы күні шахматшылар блиц-партиялары бойынша ойнады. Әр спортшыға партия үшін 3 минут беріліп, келесі әрбір жүріс үшін 2 секунд қосылды. Әрбір партияда шамамен 10 минут ойнайды. Құрлықтық чемпионат қалада 3–12 маусымға дейін жалғасады.

Турнир қорытындысы бойынша ашық санаттағы ең мықты 4 қатысушы мен ең мықты 2 әйел шахматшы биылғы ФИДЕ әлем чемпионатына жолдама алады. Яғни үздік 6 ойыншымыз Бакуде 29 шілде мен 26 тамыз аралығында жоспарланған 2023 жылғы әлем чемпионатына қатысу мүмкіндігіне ие болады. Шахмат әлеміндегі ең жоғары атақ – шахматтан әлем чемпионы атағы үшін таласады. Жарыс аясында Азияның 18 елінен келген 128 шахматшы классикалық шахмат матчтарында бақ сынаспақ.

Салтанатты шараны турнир қатысушыларын құттықтап, сәттілік тілеген Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, Қазақстан шахмат федерациясының (ҚШФ) президенті, Freedom Holding Corp бас директоры Тимур Турлов және Азия шахмат федерациясының бас хатшысы Хишам Аль-Тахер ашты.

«Құрметті достар! Сіздерді әсем қала Алматыда, аты аңызға айналған спорт сарайында қарсы алу – біз үшін үлкен мәртебе. Осыдан алты ай бұрын мұнда жылдам шахматтан әлем чемпионаты өткен болатын. Алдағы жарысқа 18 елден 130-ға жуық шахмат шебері келіп отыр. Баршаңызға тек сәттілік пен жеңіс тілейміз! Қош келдіңіздер!», – деді жарысты

ресми ашқан Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев.

Одан кейін сөз алған Қазақстан шахмат федерациясының президенті Тимур Турлов Қазақстан биыл Мемлекет басшысының қолдауының арқасында шахматтың нағыз орталығына айналғанын атап өтті.

«Халықаралық жарыстарды жиі өткізу елімізде шахматты дамытуға әрі біздің шахмат федерациясының жұмысын күшейтуге көмектеседі, осылайша болашақта бұдан да көп чемпион, мықты шахматшылар шығады», – деді ол.

ҚШФ президенті шахматтан Азия құрлықтық чемпионатында көрермендерді қызықты интеллектуалдық ойындар күтіп тұрғанына және турнир ондаған, жүздеген мың қазақстандық балаларды осы тамаша ойынды белсенді үйренуге шабыттандыратынына сенім білдірді.

Хишам Аль-Тахер Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміздегі шахматты дамытуға қолдау көрсеткені үшін, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев пен Тимур Турловқа чемпионатты осындай жоғары деңгейде өткізгені үшін алғысын білдірді.

Ашылу салтанатынан кейін 1-тур өтті. Ореп-чемпионаттың бірінші турының қорытындысы бойынша қазақстандық гроссмейстер Ринат Жұмабаев қарсыласына аз да болса мүмкіндік бермей, таза жеңіске жетті. Сонымен қатар, Мұртас Қажылаев, Денис Махнев, Нөгербек Қазыбек және басқалар жеңімпаз атанды.

Әйелдер чемпионатының 1-турының қорытындысы бойынша қазақстандық шахматшылар: Арнаш Бауыржан, Лия Құрманғалиева, Ксения Балабаева, Амина Қайырбекова жеңіске жетті.

Шахматтан ерлер арасындағы ашық біріншілік пен әйелдер арасындағы чемпионатты қамтитын Азия құрлықтық чемпионаты Швейцария жүйесі бойынша, ФИДЕ ережесіне сәйкес 9 турдан тұрады. Жарыс 12 маусымға дейін жалғасады. Шараның жүлде қоры 100 000 АҚШ долларын құрайды.

Шахматтан Азия құрлықтық чемпионатын ұйымдастырушылар – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, Азия шахмат федерациясы, Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Қазақстан шахмат федерациясы. Турнирдің бас серіктесі – Freedom Holding Corp.

КӨРКЕМ ГИМНАСТИКА

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА 2 АЛТЫН АЛДЫ

Филиппин астанасы Манилада өтіп жатқан көркем гимнастикадан жасөспірімдер арасындағы 19-кезекті Азия чемпионатында қазақстандық спортшылар бірнеше медаль алды.

Доппен жаттығуда Айым Мейіржанова алтын алды. Ол 31,150 ұпай жинап, өзбекстандық Наталья Усова (30,400 ұпай) мен жапониялық спортшыны (26,500 ұпай) жеңді. Сондай-ақ, бес лентадан топтық жаттығуда қазақстандық гимнастшылар 27,600 ұпай жинап, үздік шықты. Бағдарламаның бұл түрінен Өзбекстан (274 500 ұпай) мен Жапония (25 100 ұпай) үздік үштікке енді. Дария Көшербаева шығыршықпен жаттығуда құрлық біріншілігінің күміс жүлдесін жеңіп алды. Қазақстандық жас гимнастшылар командалық және топтық көпсайыс бойынша да жүлдеге ие болды.



ДЗЮДО

ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДАМЫЗ

Қазақстандық Сұңғат Жұбатқан Душанбеде дзюдодан өтіп жатқан Гран-при турнирінің қола жүлдегері атанды.

«Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК-ның баспасөз қызметінен мәлім еткеніндей, қазақстандық дзюдошы 66 келіге дейінгі салмақта үздік үштікке ілікті.

Сұңғат Жұбатқан алдымен Израиль дзюдошысын, екінші айналымда жарыс қожайыны Нұрәли Эмомалиді жолдан

тайдырды. Дегенмен, ширек финалда ресейлік Мурад Шопановқа есе жіберді. Одан кейін жұбаныш белдесінде ұлыбританиялық дзюдошыны жеңіп, қола медаль үшін күресуге мүмкіндік алды. Мұнда ол испаниялық Адриан Нето Чинарродан басым түсті. Бұл – ұлттық құраманың осы турнирдегі алғашқы медалі.

Душанбедегі додада Қазақстан қоржынына екінші қола медальді Ерасыл Қажыбаев салды. Қазақстан дзюдо федерациясының баспасөз қызметінен мәлім еткеніндей, Ерасыл Қажыбаев 100 келіден астам салмақ дәрежесінде жүлдегерлер қатарынан көрінді. Ерасыл Польша өкілі Каспер Сзуровскиді жеңді.

ТАЭКВОНДО

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ: жүлдеге іліге алмады

Бакуде таэквондодан 26-әлем чемпионаты аяқталды. Даянғқа шыққан ұлттық құрама спортшысы Азиза Қаражанова (53 кг) мен Руслан Жапаров (+87 кг) 3-айналымда сүрініп, жеңіске жете алмады.

Азиза алғашқы айкаста кипрлық Нагия Каутишиды, сосын бразилиялық Лариса Насименто Росси Сантосты ұтты. 2018 жылғы Азия ойындарының жеңімпазы, тайбэйлік По Я Суға 2 раундта жол берді. Бүгін По Я 2-қазақстандық таэквондошыдан аяласын асырды.

«Қытайлық спортшымен бірнеше ай бұрын Аустрия ашық чемпионатында кездесіп, 2-0 есебімен жеңгенмін. Бүгін қай жағынан кем түскенімді білмеймін. Үйге барған соң кеткен қателіктерді талдап, тағы қайталанбас үшін жұмыс істеуім керек», – деді Азиза жекпе-жекпен кейін.

Бәсекені 2-айналымнан бастаған аса ауыр салмақтағы Руслан Жапаров пәкістандық Хамза Омар Саидтан басым түскен.

«Түрік спортшысымен осыған дейін 2 мәрте жолығып, сенімді ұтқанмын. Физикалық дайындығым жақсы болды. Тек алғашқы раундта босансып, басым бірнеше соққы тигізіп алдым. Сосын, таразы басын теңестірдім. Бірақ соңғы раундта 6-7 есебімен есе жібердім. Жалты алғанда, бұл әлем чемпионатына дайындығымыз жақсы еді. Қалай жеңіліп қалғанымды қазір түсіндіріп айта алмаймын», – деді Руслан Жапаров.

Қазақстан құрамасының бас бапкері Батырбек Есдәулетов осы чемпионатта негізгі



сенім тәжірибелі таэквондошыларға артылғанын жеткізді.

«Өкінішке қарай, осы аптада бізге медаль алудың сәті түспеді. Үш спортшымыз жүлдеге біртабан жетпей жеңілді. Бәрі жақсы дайындалып келді. Десе де, әлі бұл бағыттағы жұмысты жалғастыруымыз қажет. Құрамаға 20 жасқа дейінгі біраз жас спортшы қосылғанын білесіздер. Бакуде тәжірибелі таэквондошылардан медаль күттік. Ойлағанымыз болмады. Қате өзімізден. Осы жарысқа келуімізге Мәдениет және спорт министрлігі, оның ішінде Спортты дамыту дирекциясы бар жағдайды жасады. Өз басым енді келген жас спортшыларға сенемін. Дұрыс жұмыс істесек, олар үлкен жеңіске жете алады», – деді ол СДД баспасөз қызметіне берген сұхбатында.

Жалпы биылғы додаға 145 елден мыңға тарта таэквондошы жиналды.

Әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



БАЙҚАУ

Ұлттық тағамнан ұтарымыз көп

Алматыда «Рухани жаңғыру» жобасы аясында «Ұлттық тағам – ұлттың мақтанышы» атты қала көлеміндегі үлкен байқау өтті. Аталмыш байқауды Алмалы ауданы әкімшілігі, «Хама парк» мейрамханасы, Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжі бірлесе ұйымдастырды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Қазақта «ауру – астан» деген сөз бар. Бұл біздің халқымыздың сонау ықылым заманнан-ақ асуына ерекше мән бергенін аңғартса керек. Дегенмен, соңғы кездері сөрелер сапасыз, адам денсаулығына зияны көп өнімдерге толып кеткені де жасырын емес. Ғалымдардың қазіргі пайымынша, мұндай тығырықтан шығудың бір ғана жолы – ұлттық тағамдарға оралу. Осыған орай, қазіргі таңда тағаммен байланысты оқу орындары қазақтың ұлттық тағамдарының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрін сақтап, оны жан-жақты насихаттауды қолға алып отыр. Осы ретте байқау шартына сай қатысушылар ұлтымыздың бай мұрасын сақтап, ұмыт бола бастаған ұлт-

тық тағамдарды жаңғырта отырып, заманауи тағамдарды жасап жарысты. Байқауға Алматы қаласындағы 6 колледждің өндірістік оқыту шеберлерінің командалары қатысып, ұмыт бола бастаған ұлттық тағам түрлерін әзірледі.

Байқаудың Бас жүлдесін «Алматы экономикалық колледжі» жеңіп алды.

Сонымен қатар, 1-орынды – «Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжі», 2-орынды – Алматы технологиялық-қаржы және инновациялық-техникалық колледжі, 3-орынды – «Алматы сервис колледжі», «Алматы сән және дизайн колледжі», «Алматы мемлекеттік бизнес колледжі» иеленді.

Байқау жеңімпаздары арнайы дипломдармен, Алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ

Заңсыз импортталған өнім жойылды

Еліміздің аумағына жалпы салмағы 5,5 тонна Ариэль кір жуғыш ұнтағының 1640 қаптамасы заңсыз импортталған.

Айнабай
МӘДИ

Бұл өнімнің шығу тегі белгісіз, сапасы күмәнді. Бұл өнімде Ariel тауар белгісі бар және осы өнімді әкелу үшін тауар белгісінің құқық иесі келісім бермеген. Импорттаушының да мұндай келісімі жоқ. Осыған байланысты МҚД қызметкерлері ел аумағына тауар әкелуді тоқтатты. Алматы қаласының Әділет департаменті жүргізген келіс-

сөз бен құқықтық түсіндіру жұмысының нәтижесінде құқық иесі мен импорттаушы арасында татуласуға қол жеткізіліп, тауар Іле трактісі, 11 үйдегі 52-қоймада жойылды.

«Импорттаушы 600 бірлік Джилетт ұстарасын әкелді. GILLETTE тауар белгісінің құқық иесі де мұндай әрекетке келісім берген жоқ. Бүгінде бұл тауарлар да жойылуда жіберілді. Бұл тауар сертификатталмаған, оның қаптамасы еліміздің аумағында қолданылатын техникалық регламентке сәйкес келмейді, бұл тауардың шығу тегі белгісіз. Айтарымыз, тауарды ел аумағында айналымға шығарудан тұтынушыларға залал келуі әбден мүмкін», – деп мәлімдеді Алматы қалалық Әділет департаментінің баспасөз хатшысы Алмас Бекботаев.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

2023 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы тұрақты оқырмандар мен газетке жаңадан жазылып жатқан жазылушылар үшін дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын жариялайды. Байқау барысында бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

Алдымен газетке жарты жылға жазылғаныңыз жөніндегі түбіртек рәсімдеуіңіз қажет.

2023 жылдың 13 шілдесіне дейін редакцияға жазылымның көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен жіберіңіз. Редакция мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), каб. №21, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03 немесе сканерленген жазылым билетін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatauaqparat@mail.ru электрондық мекенжайына жіберіңіз!

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңіз, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді көрсетуіңіз қажет.

Қайда жазылу керек?

«Қазпошта» АҚ, «Еуразия пресс» агенттігі ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық пошта бөлімшесінде.

2023 жылға арналған жарты жылдық жазылым бағасы:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 3603 теңге.
ҮОС қатысушылары, зейнеткерлер, мүгедектер және көпбалалы аналар үшін жеңілдік (индекс 95503) – 2643 теңге.

Ұтысқа тек жарты жылдық жазылымды рәсімдеген жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойыны 2023 жылғы 14 шілдеде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында конкурстық комиссия мүшелері мен тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімдері газеттің 2023 жылғы 20 шілдедегі санында жарияланады.

Сәттілік тілейміз, құрметті оқырман!

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

БЕЙНЕБАЯН

ТЕҢІЗ БЕТІНДЕГІ ТУ

Мемлекеттік рәміздер күніне орай Каспий теңізінің үстімен Қазақстан Туын желбіретіп катер жүріп өтті.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

«Бұл видео отандастарымыздың отансүйгіштік деңгейін көр-



сетті. Теңізде саяхат жасау қызметін көрсететін кәсіпкер өзі бастама көтеріп, Қазақстанның мемлекеттік рәміздер күнін мерекелеу құрметіне орай осындай акция ұйымдастырды», – деп атап өтті Маңғыстау облысы әкімдігі баспасөз қызметінің өкілдері.

Айта кетейік, Мемлекеттік рәміздер күні біздің ару Алматыда да барлық сән-салтанатымен аталып өтті.

ҚАРЖЫЛЫҚ МОНИТОРИНГ

Заңнамалық актіге түзетулер әзірленді

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі заңнамалық актіге түзетулер әзірледі. «Қазақстандықтар eGov порталы арқылы өз атына несие алуға тыйым сала алады. Бұл функция алаяқтардан қорғайды», деп хабарлады агенттік.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі заңнамалық актіге мынадай түзету әзірледі: жеке тұлғаның банк қарызы мен микрокредит алуан ерікті түрде бас тартуды белгілеу құқығын бекіту. Бұл сервис «электрондық үкімет» веб-порталында және eGov Mobile мобильді қосымшасында іске асырылады.

Сондай-ақ, сервис қарыз алушының кредиттік тарихында несие алуан ерікті түрде бас тарту туралы ақпарат болған жағдайда банк

пен микроқаржы ұйымы үшін жеке тұлғаға несие беруге тыйым салуды енгізеді.

Ведомство мәліметінше, ереже жеке тұлғаны несие алуға тиісті тыйым болған жағдайда берілген несие бойынша міндеттемелерді орындаудан босатуды қарастырады. Функция өзіңізді алаяқтардан қорғауға көмектеседі, сонымен қатар елден ұзақ уақыт кеткен жағдайда пайдалы болмақ.

Айнабай МӘДИ.

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫҚабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-04-28.Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІРҚала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВАШаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ruЖарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВКеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



БАЙҚАУ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«ЖАС ҚАНАТ» ЖАҚҚАН ЖҰЛДЫЗДАР

«Alatau Aqparat» медиахолдингі жеңісті, қуанышты сәттерді әрқашан сүйіншілеп, халыққа жеткізуге дайын

Республика сарайында «Жас қанат-2023» жас орындаушылардың республикалық байқауы аяқталды. Араға үш жыл салып заман талабына сай жаңа леппен қайта оралған ән байқауы биыл Алматыда 29-рет ұйымдастырылып отыр.



Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Байқаудың соңғы күні еліміздің әр өңірінен келген 20 қатысушының арасынан ұпай саны бойынша ақтық сынға жолдама алған 8 үміткер сынға түсті. Финалда сайыскерлер белгілі композитор, дирижер және өңдеуші Илья Башкатовтың жетекшілігімен кәсіби Live бэндің сүйемелдеуімен өнер көрсетті. Мұны «Жас қанат» байқауының жаңалығы деуге болады.

Илья Башкатовтың айтуынша, репертуар бойынша конкурстық концерттерге енген әндердің басым бөлігін қатысушылар өздері таңдаған.

Сонымен, қазылар алқасының шешімімен байқауда алғаш рет тағайындалған Мұрат Ерғалиев пен Александр Пономарев атындағы «Жас қанат-2023» байқауының бас жүлдесі – Гран-При атыраулық Ернар Жұбанға бұйырды. «Алтын қанатты» (1-орын) Ақтөбеден келген ару Нарғыз Жанұзақова иеленді. «Күміс қанат» (2-орын) алматылық Беназир Әлімходжаеваға берілсе, «Қола қанатты» (3-орын) алматылық Алмагүл Батталиева қанжығасына байлады. Қалған төрт финалист – оралдық Аружан Бисембай, петропавлдық Нариман Жолдасбеков, павлодарлық Мәдина Қабдолла және шымыкенттік Нұрасыл Сатыбалды байқаудың дипломанты атанды.

Үміткерлер байқаудың үшінші күні джаз жанрында, негізінен, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде өнер көрсетті. Еліміздің әр өңірінен келген жас орындаушылардың ішінде осалы жоқ. Әділқазы мүшелерінің айтуынша, олар өздерінің шын талант екенін байқаудың алғашқы күнінен-ақ байқапқан. Сол себепті, шын талантты анықтауда ешқандай келіспеушілік болған жоқ.

Жұлделі орындардан бөлек, қатысушыларға ынталандыру ретінде әділқазылар мен жан-жақты қолдау көрсеткен серіктес компаниялар арнайы сыйлықтарын табыс етті. Мәселен, Медеу Арынбаев петропавлдық Нариман Жұлдызбеков пен оралдық Аружан



Бисембайға қазақ әніне деген құрметі үшін өзінің арнайы сыйлығын ұсынды. Ренат Гайсин Нұрасыл Сатыбалдымен ынтымақтаса жұмыс істейтіндерін айтып, өз қанатының астына алатынын жеткізді. Ал Байғали Серкебаев өзінің «Emporio Music Fest» музыкалық фестивалінің арнайы жүлдесін Ернар Жұбанға табыс етті. Ол 5–7 шілде аралығында Швейцарияда өтетін, әлемнің ең танымал музыканттары бас қосатын әйгілі «Montreux Jazz Festival» джаз фестиваліне жолдама болатын. Финалистерден басқа, конкурстың тағы 12 қатысушысы диплом-сертификаттар алды.

Биыл «Жас қанат-2023» байқауынан бөлек, аңызға айналған «Азия дауысы» фестивалі де қайта жандануда. Оған дайындық барысында Темірбек Жүргенев атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы мен халықаралық «Азия дауысы» фестивалінің басын қосқан қызықты шығармашылық жоба ұйым-

дастырылған болатын. Жоба аясында академия студенттері арасында фестивальдің ерекше стилін сақтай отырып, жаңа сахнаға сценорафия жасау тапсырылған. Комиссия тапсырманы сәтті

әрі жоғары деңгейде орындаған Дана Нұршаева мен Әлихан Сатыбалдыны жеңімпаз деп таныды. Арнайы сыйлықпен марапатталған жеңімпаздар «Азия дауысы-2023» фестиваліне сценорафия жасау үшін шығармашылық топқа шақырылды.

Алматыда «Азия дауысы» мен «Жас қанаттың» қайта жандануын армандаған Мұрат Ерғалиев пен Александр Пономаревтың оң қолы болған тұлға, байқаудың ұйымдастырушысы, «Азия дауысы» студиясының басшысы Ирина Ковыряконың айтуынша, «бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» болды. Біріншіден, жанды музыка! Үміткерлерді 60 адамнан тұратын ең мықты оркестр сүйемелдеді. Екіншіден, Live бэнд болды. Сайыскерлердің керемет өнер көрсеткені сонша, барлығы 2 шілдеде өтетін «Азия дауысы пикнигіне» шақырылды.

– Енді біз «Жас қанат-2024» байқауына дайындықты бастаймыз. Қуандым, жыладым... Сайыскерлер ән салғанда жанарым жасқа толып, толқыған сәттерім көп болды. Мен үшін киелі сахнадағы әрбір сәт эмоцияға толы әсер қалдырды, – деді ол байқау соңында.

Байқау соңында үш күн бойы жас таланттардың үміт толы жанары мен лүпіл қаққан жүрегінің дүрсіліне куә болған алматылық көрермендер «Жас қанат-2023» жаққан жаңа жұлдыздарға қол шапалақтап, қошемет көрсетті.

МАРАПАТ – МЕРЕЙ ӨСІРЕДІ

Алматы қаласының негізгі ақпарат құралдарының басын біріктірген «Alatau Aqparat» ЖШС медиахолдингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы ән әлеміне қанат қаққан жас таланттарға жүрекжарды лебізін білдіріп, арнайы сыйлығын табыстады.

– Армысыздар, ардақты өнерсүйер қауым! Бүгін ерекше кеш өтті. Ғаламат шараны ұйымдастыруға қолдау білдірген азаматтарға, сонымен қатар, ән додасында бақ сынаған барлық қатысушыларға өзімнің алғысымды білдіргім келеді. Әсем Алматының баурайында «Жас қанат» байқауының қайта түлеуі, бұл – қазақ руханиятына үлкен олжа, тарихи оқиға деп санаймыз. Кезінде осы байқаудан түлеп ұшқан талай дарынды, талантты өнерпаздар бүгінде қазақ мәдениетінің бір-бір дарабоздарына айналып, қазақ өнеріне үлес қосып жүр. Бүгінгі жас таланттарға алдың-

ғы толқын аға-апапаларының жолын берсін деп тілейміз. Қазақта «жұлдыздың биік болсын, жұлдыздың жоғары болсын!» деген әдемі сөз бар. Ән әлемінде жарық жұлдыз болып жанатын жастарымыздың өнері қазақтың даласында ғана емес, әлемнің көгінде шарықтайтынына сенеміз. «Alatau Aqparat» медиахолдингі олардың жеңісті, қуанышты сәттерін әрқашан сүйіншілеп халыққа жеткізуге дайын. Өнерлеріңіз үстем болсын! Қазақ мәдениеті жасай берсін! – деді ол.

Медиахолдинг басшысы Ержан Қалымбайұлы сайыскерлердің арасынан финалға өтпесе де, марапатқа лайық деп таныған Диас Жорабекке «Alatau Aqparat» ЖШС атынан жыл он екі ай бойы FITNESS BLITZ фитнес клубында дайындалуына және қаламыздың ең көрікті жерлерін аралап, рухани ләззат алуына мүмкіндік беретін DREAM MOMENTS дүкенінің сертификатын ұсынды.